**әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**
**Философия және саясаттану факультеті**

**Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы**

# 100745- Жас ерекшелік педагогикасы және психологиясы ПӘНІНЕН ДӘРІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

**ECTS- 5**
**КУРС -3**

**Құрастырған: п.ғ.к., Нургалиева Д.А.**

**МАМАНДЫҚТАР:**
**“6B01601 - Тарих” білім беру бағдарламасы**

**күндізгі**

**АЛМАТЫ -2025**

**Оқу пәнінің тақырыптары бойынша дәріс тезистері**

МОДУЛЬ 1-дәріс: Жасерекшелік психологиясы ғылымының пәні және міндеттері, зерттеу әдістері

**ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫ" КУРСЫ БОЙЫНША ДӘРІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ**

**МОДУЛЬ 1-дәріс: Жасерекшелік психологиясы ғылымының пәні және міндеттері, зерттеу әдістері**

**Жоспары:**

1. Жас ерекшелік психологиясының теориялық және практикалық міндеттері.
2. Жас ерекшелік психологиясының пайда болу тарихы.
3. Жас ерекшелік психологиясының басқа ғылымдармен байланысы. Қазіргі жас ерекшелік психологиясының мәселелері.

Жас ерекшеліктері психологиясы адамның бүкіл өмірі бойындағы психикалық қасиеттері мен тұлғасының даму үдерісін зерттейді. Бізді қызықтыратыны – бүкіл өмірлік жол емес, өте жылдам есейіп келе жатқан баланың мектепті тәмамдап, ересек өмірге қадам басқанша жүріп өткен, туғаннан 17 жасқа дейінгі өмірінің бастапқы кезі. Жас ерекшеліктері психологиясының бұл бөлімінде *бала дамуының заңдылықтары мен фактілері анықталады*. Жас ерекшеліктері психологиясының психологияның басқа салаларынан басты айырмашылығы – даму қарқынына басым көңіл бөлінуі. Сондықтан оны *генетикалық* психология (грек тілінде «генезис» – шығу тегі, қалыптасу) деп атайды. Әйткенмен, *жас ерекшеліктері психологиясы психологияның басқа салаларымен:* жалпы психологиямен, тұлға психологиясымен, әлеуметтік, педагогикалық және дифференциалдық психологиямен тығыз байланысты. Жалпы психологияда психикалық қасиеттер – қабылдау, ойлау, сөйлеу тілі, ес, зейін, қиял зерттелетіндігі белгілі. Жас ерекшеліктері психологиясында әр психикалық қасиеттің даму үдерісі және әр түрлі жас кезеңдеріндегі қызметаралық байланыстардың өзгеруі қадағаланып отырады. Тұлға психологиясында түрткі, өзін-өзі бағалау және талаптану деңгейі, құндылықты бағдарлар, дүниетаным және т.б. сияқты тұлғалық түзілімдер қарастырылса, жас ерекшеліктері психологиясы осы түзілімдердің баланың бойында қашан пайда болып, олардың белгілі бір жас кезеңіндегі ерекшеліктері қандай болатындығы туралы сұрақтарға жауап береді. Жас ерекшеліктері психологиясының әлеуметтік психологиямен байланысы баланың мінез-құлқы мен дамуының оның өзі кіретін топтарға: отбасына, балабақша тобына, мектеп сыныбына, жасөспірімдер ортасына тән ерекшеліктерге байланыстылығын бақылауға мүмкіндік береді. Әрбір жас кезеңі – баланың айналасындағы адамдардың, ересектер мен құрбы-құрдастарының өзіндік, ерекше ықпалы. Баланы оқытып-тәрбиелейтін ересектердің мақсатты ықпалы педагогикалық психология аясында зерттеледі. Жас ерекшеліктері психологиясы және педагогикалық психология бала мен ересек адамның өзара ықпалдасу үдерісіне әр түрлі қырларынан қарайды: жас ерекшеліктері психологиясы – бала тұрғысынан, педагогикалық психология – тәрбиеші, мұғалім тұрғысынан.

Дамудың жас ерекшелік заңдылықтарынан басқа, дифференциалдық психология айналысатын индивидуалды айырмашылықтары да болады: бір жастағы балалар ақыл-парасаттың әр түрлі деңгейлерін және әр түрлі тұлғалық қасиеттерді иеленулері мүмкін. Жас ерекшеліктері психологиясында барлық балаларға ортақ жас ерекшелік заңдылықтары зерттеледі. Бірақ бұл орайда дамудың магистралды желілерінен қандай да бір басқа жаққа ықтимал ауытқушылықтар да ескеріледі.

Сонымен, жас ерекшеліктері психологиясы – психологиялық білімнің ерекше саласы. Баланың даму үдерісін қарастыра отырып, ол әр түрлі жас кезеңдеріне сипаттама береді, демек, «жас» және «балалық шақ» деген ұғымдарды қолданады. *Жас* немесе жас кезеңі дегеніміз – бала дамуындағы өз құрылымы мен қарқыны бар цикл. Л.С. Выготскийдің бұл анықтамасына толығырақ біз кейін тоқталатын боламыз, ал қазір бар болғаны екі нәрсені атап өтеміз.

Біріншіден, психологиялық жас жекелеген баланың оның туылу туралы куәлігінде, ал кейінірек төлқұжатында жазылған хронологиялық жасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Өзінің қайталанбас мазмұны – баланың тұлғасы мен психикалық қасиеттерінің даму ерекшеліктері, оның айналасындағы адамдармен өзара қатынастарының ерекшеліктері және ол үшін басты болып табылатын іс-әрекеті бар жас кезеңінің белгілі бір шектері бар. Бірақ бұл хронологиялық шектер жылжытылуы мүмкін, бір бала жаңа жас кезеңіне ертерек, ал екіншісі кешірек енеді. Әсіресе балалардың жыныстық пісіп-жетілуімен байланысты жасөспірімдік шақтың шектері қатты «толқымалы болады».

Екіншіден, бастапқы жас кезеңдері *балалық шақты* – негізінен ересек өмірге, өздігінен еңбек етуге дайындық болып табылатын тұтас бір дәуірді құрайды. Балалық шақ – тарихи құбылыс: оның мазмұны да, ұзақтығы да ғасырлар бойы өзгеріп отырған. Алғашқы қауымдық қоғамдағы балалық шақ қысқа, ал орта ғасырларда ұзағырақ болған; қазіргі заманғы баланың балалық шағы одан да ұзағыраққа созылып, іс-әрекеттің күрделі түрлерімен толыға түсті – балалар өз ойындарында ересек адамдардың отбасылық және кәсіби қатынастарын қайталап, ғылым негіздерін меңгере бастады. Балалық шақтың өзіне тән ерекшелігі бала өмір сүріп, оқып және тәрбиеленіп отырған қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму деңгейімен анықталады.

Біздің заманымызда балалық шақ қашан аяқталады? Дәстүрлі түрде жас ерекшеліктері психологиясының бірінші бөлімі ретіндегі балалар психологиясы баланың туылғаннан 7 жасқа дейінгі даму үдерісін қамтиды. Бірақ қазіргі

балалық шақ мектепке барғаннан кейін де жалғаса береді, бастауыш мектеп оқушысы бала болып қала береді. Оның үстіне, кейбір психологтар жасөспірімдік шақты да «ұзап кеткен балалық шақ» ретінде қарастырады. Қандай көзқарасты ұстансақ та, нағыз ересектіктің баланы тек мектеп табалдырығынан тыс, 15 немесе 17 жаста күтетіндігін мойындауымызға тура келеді.

Қазіргі таңда әрбір білімді адам «балалық шақ деген не», - деген сұраққа бұл – даму, үйрену, өзгеру кезеңі деп жауап қайтарады. Алайда тек ғалымдар ғана бұл кезеңді – парадокстар және қарама- қайшылықтар кезеңі, және онсыз даму процесі болмайтындығын атап ккрсетеді. Балалық шақ дамудың парадокстары жайлы В. Штерн, Ж.Пиаже, И.А. Соколянский және т.б. жазды. Д.Б. Элькониннің айтуы бойынша балалық шақ психологиясында парадокс бұл – ғалымдардың әлі де шешетін дамудың жұмбақтары.
Д.Б. Эльконин Москва университетіндегі дәрістерін балалық даму парадокстарының екі негізгі мінездемелерінен бастайтын.

Адам дүниеге келгенде өмірді сақтай алатын элементарлы механизмдермен ғана шектеледі. Физикалық құрылымы, жүйке жүйесінің үйлесуі жағынан, іс-әрекет типтері және оны бақылауы жағынан табиғаттағы мінсіз жан болып есептеледі.

Алайда эволюциялық қатарға дүниеге келген уақытысында мінсіздіктің айтарлықтай күрт төмендеуі байқалады, яғни балада дайын мінез – құлық формалары болмайды. Негізінен, тірі жан жанауарлар қатарында жоғары сатыда тұрған сайын, сол сияқты оның балалық шағы ұзаққа созылады, сол сияқты туылғанда ол әлсіз болады. Бұл табиғаттың бір парадоксы болып есептеледі. Тарихи даму барысында адамзаттың материалды және рухани мәдениетінің үздіксіз артуы байқалады. Мыңжылдықтардың ішінде адамдардың тәжірибесі мың есеге көбейді. Бірақ бұл уақытта туылған сәби еш өзгерген жоқ. Антропологтардың мәліметтері бойынша анатомо – морфологиялық ұқсатықты зерттей отырып, олар кроманьондықтармен және қазіргі европалық адамды салыстырады. Қорытынды бойынша қазіргі заманғы адамның жаңа туылған сәбиі он мың жылдар бұрын өмір сүрген сәбиден еш айырмашылығы жоқ.

Сонда табиғи шарттары ұқсас бола тұра психикалық дамудың деңгейі, қоғам дамуының тарихи кезеңдерінде бала әртүрлі жетістіктерге жетеді. Балалық шақ бұл жаңа туғаннан толық әлеуметтенгенге дейін жалғасатын және әрі қарай ержеткенге дейін; бұл кезең баланың адами қоғамның толық мүшесіне айналуы. Сонымен қатар, алғашқы қоғамдағы балалық шақтың ұзақтығы орта ғасыралдағы қазіргі күндердегі баланың шағының ұзақтығы мен тең емес. Адамның балалық шақ этапы- тарихи өнімі, және сол секілді олар мың жыл бұрын өзгеруге бейім болды. Сондықтан да баланың балалық шағын және оның заңдылықтарын, оның қалыптасуын адами қоғамның және заңдылықтарының дамуынан тыс қарастыруға болмайды. Балалық шақтың ұзақтығы қоғамның материалды және рухани мәдениетінің деңгейіне байланысты.

Тану теориясы мен диалектика жеке ғылымдардың тарихынан – жануарлар балаларының ақыл- ой дамуы, тіл тарихында қалыптасуы белгілі.

Назарды баланың ақыл- ой даму тарихына аудара отырып, оны балалық онтогенездегі дамунан және қазіргі заманғы мәдениеттердің біркелкі емес дамуынан ажырату қажет.

Балалық шақ дамуының проблемасы – қазіргі балалық шақ психологиясының ең күрделісі болып табылады. Себебі бұл аймақта бақылау да, эксперимент те жүргізе алмаймыз. Этнографтарға балаларға байланысты. Мәдени ескерткіште кедей екені белгілі. Тіпті, археологиялық қазбаларда табылатын ойыншықтардың өзі діннің заттары, яғни оларды ол дүниеге барғанда иесіне қызмет етсін деп салады екен.
Балалық шақтың тарихи шығу тегі кезеңдері жайлы теоретикалық сұрақты П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин деген ғалымдардың еңбектерінде жасалып шығарылды. Л.С. Выготскийдің концепсиясы бойынша бала дамуының психикалық даму жолы – табиғаттың мәңгілік заңдылықтарына бағынбайды. Міне, сондықтан да мәңгілік балалық шақ болмайды. Ол тек тарихи балалық шақ қана бар деп көрсетеді. XIX ғасыр әдебиеттерінде өте көп дәлелдемелер келтірілген. Олар бойынша жұмысшылардың балаларында балалық шақ болмады. Ф.

Энгельс 1483 жылдары Англиядағы жұмысшы клас ты зерттей отырып мынандай мәліметтер алды. Балалар кейбір жағдайда бес жастан бастап жұмыс істеп жиірек алты жаста, жиі жеті жаста бірақ ата-анасының ахуалдары нашар балдардың бәрі сегіз жастан жұмыс істейтін болған, жұмыс уақытысы 14- 16 сағатқа созылған. XIX- XX ғасырда балалық шақты қорғау органдарының жұмыс істеуінің арқасында бала еңбегі тоқтатылды. Әрине, бұл қоғамның төменгі деңгейде орналасқандарға балалық шақты қоштасу ету емес. Біздің заманымызда бала еңбегі жоқ десек те , балалық шақ статусын ата-анасының әлеуметтік қоғам құрылымындағы орнын есептемей айта алмаймыз.

ЮНЕСКО – ның қабылдаған және көп мемлекеттер бекіткен 1989 жылы «Баланың құқықтары жайлы конвенция» бойынша барлық жер бетіндегі бала тұлғасының толыққанды дамуы қамтамасыз етілуі қажет.
Балалық шақ туралы түсініктер тарихта көбіне олардың биологиялық дамуы емес, әлеуметтік даму кезеңдері ескерілді. Осы айтылған қорытыньдылардың дәлелі ретінде француз демографы және тарихшысы Филипп Ариестің деректері негіз болды. Соның арқасында шетелдік ғалымдар балалық шақ психологиясына назар аударды, ал Ариестің еңбегін кллассикалық дәрежеде бағаланды.

Түрлі тарихи дәуірден, тарихи процестің барсында суретшілердің санасында балалық шақ ұғымының ерекшеленуі. Бейнелеу өнеріндегі зерттеулері бойынша он үшінші ғасырға дейін өнер балаларға назар аудармады. Суретшілердің өздері де бейнелеуге тырысады.

XIII ғ балның бейнесі, кескіні тек діни аллегориялық сюжетте кездеседі. Бұл нәресте Исус және жалаңаш сәбидің өліктің символы ретінде. Шынайы түрде балалар суретін салу бейнелеу өнерінде көпке дейін болмады. Мүмкін ешкім өзіндік тұлға екендігін есептемеді. Өнер шығармашылығында бала бейнесі пайда

болғанымен көбіне, олар ересектердің кішірейтілген формада көрсетеді. «Бала сөзі» көпке дейін қазіргі кезде нақты мағынаға ие болмады. Мысалы ортағасырларда Германияда «бала» сөзінің мәні «ақымақ» сөзімен барабар болды.

Балалық шақ ол кезеңде тез өтпелі және құндылығы жоқ болып есептелді. Оған немқұрайлы болуын Ф. Ариес, сол кезеңдегі демографиядағы жоғарғы туу мен жоғарғы өлімнің болу ерекшелігінің салдарынан. Балалық шаққа деген немқұрайлықты жеңу ол XVI ғ өлген балалардың портреттерінің пайда болуының әсерінен дейді француз демографы.Бұл жағдай жай ғана құбылыс емес, үлкен мән берілетін мәселе ретінде қалыптастырады. Жеңіл болуын бейнелеу өнерінде балалардың шынайы суреттері XVII ғ ерте дамымады. Ол кешегі біздің ғасырымызға дейін сақталады. Ескертетін бір жайы, шаруа отбасыларында революцияға дейін балалар мен ересектер бірдей киінген. Және бұл ерекшелік баланың ойны мен үлкендердің айырмашылығы аса көп болмаса киімдерінің бірегейлігі осы уақытқа дейін сақталған.

Ф. Ариес көне кезеңдердегі бала бейнесі мен әдебиеттегі балалық шақ киімдері көріністерін анализ жасай келе, бала киімінің эволюциясындағы 3 тенденцияны бөледі:
1. **Феминизация**– ер балаға арналған костюм, онда көбіне әйел адамының киімінің бөліктері қайталанады.
2. **Архаизация** – дәл осы уақыттағы бала киімі үлкендердің киімінен сән үлгісі қалуда, және көбіне өткен ғасырдағы
3. Жоғарғы тап өкілдерінің балаларына, төменгі тап шаруалардың ересектерге арналған костюмді киюі.
Ф. Ариес атап өткендей, балаларға арнайы киімдердің қалыптасуы ол қоғамдағы балаға деген қарым-қатынастың өзгеруі байқалады. Енді балалар ересектердің өмірінде маңызды орын алады.

Тұлғаның даму теориялары. Психикалық дамудың заңдылықтары.

**Жоспары:**
1. Психикалық дамудың жылжымалы күштері және қайнар көздері. Дамудың табиғи алғышарттары.
2. Психикалық дамуда тәрбиелеу мен оқытудың басты рөлі.
**3.**Сензитивтік кезеңнің және жетекші іс-әрекеттің әлеуметтік жағдайының даму түсінігі.
Отандық психологтардың айтуынша, жеке тұлға «иелену» арқылы өзінің «жан-жақтылығы» негізінде дамиды: «адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы қоғамдық қатынастардың маңызы зор». Психологияда жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін сыртқы детерминация мәселесі пайда болды.

Л.С.Выготскийдің теориясына сүйенсек, «біз өзгелер арқылы өзімізді қалыптастырамыз», «неліктен барлық ішкі қажеттіліктен жоғары формадағы сыртқы бола алады» деген сұраққа «барлық жоғарғы психиканың функциялық дамуының сыртқы кезеңі арқылы өту керек, өйткені функция ең алдымен әлеуметтік болып есептеледі. Бұл – ішкі және сыртқы мінез-құлықтың барлық мәселелерінің орталығы болып табылады». Осыған байланысты адамның қалыптасу механизмі туралы сұрақ пайда болады. Толыққанды адамның қалыптасуының психикалық механизмі әлеуметтік детерминанттарға ие болумен қатар, жеке тұлғаның құрылымы мен жағдайы, іс-әрекеттерін жасайтын үрдістер мен жүйелерден тұрады.

Идентификация – жеке индивидтің адамзаттық жан-жақты негіздерін иелену механизмі (лат – ұқсату, теңестіру). Идентификациялық механизмдер индивидке даму, сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуге және әлеуметтік жағдайға қарсы тұруға көмектеседі. Психологияда идентификацияны«бір адамды басқа адаммен, топпен, үлгімен эмоционалдық және өзгеше өзіндік ұқсату процесі» деп қарастырады.Идентификацияның екі түрі бар:
1) интериоризациялық идентифифкация;
2) экстрариоризациялық идентифифкация.
1) интериоризациялық идентифифкация өзін басқадан «иелену» және «сезіндірумен» қамтамасыз етеді;
2) экстрариоризациялық идентифифкация өзінің сезімін және мотивін басқаға тасымалдаумен (берумен) қамтамасыз етеді.
Осы идентифифкациялық механизмдердің өзара әрекеттесуінен ғана индивидке даму, рефлексия және теңбе-тең (адекватты) әлеуметтік күту мүмкіндігін береді.

«Иелену» идеясы, егер, адамның ішкі мәні, оның «индивидтің өзіндік іске асырылуы» жағдайына тәуелді және белсенділігі туралы диалектикалық бірліктегі идеясымен түсіндірілмесе, өзіне-өзі механикалық болуы мүмкін еді. Бұдан басқа, адам қоғамда қоғамдық жануар ретінде жекеленуі мүмкін.
Адамдар жалпы және бір-біріне жағдай туғызады. Марксистік ой желісінде индивидтер бір-біріне физикалық және рухани тұрғыдан жағдай туғызады деп баяндалған.

**Іс-әрекеттердің тұлғалық мәні мен полярлы эталондарымен идентификация.**Қалыпты дамушы әрбір бала тұлғасының құрылымы негізінде жататын өз-өзіне эмоционалдық жағымды қарым-қатынасты ( «Мен жақсымын »), оны дұрыс этикалық эталонына бағыттайды.
Дұрыс мінез-құлық эталонына сәйкес келу қажеттілігі баланың қандайда бір іс-әрекеті немесе мінез-құлық формасы белгілі бір тұлғалық мәнге ие болса туындайды. Баланың өз-өзіне көңіл толмауы оның мінез-құлқының қалыптасуына негіз болады. Алайда егер бала әрқашанда дұрыс үлгіге сай келуге тырысса , бәрі жеңіл болады.
Балалар өсе келе жағымсыз этикалық эталонның мағынасын түсініп, негативті іс-әрекеттке эмоционалдың қызығушылығын сақтайды. Бұл қызығушылық ашық түрде емес, жанама түрде мәлімдейді ( « Мен сондай жаман бала болғым келеді ! » ) . кейбір балдар (әсіресе ұлдар) мектепке дейінгі кезеңде мінез-құлықтың

жағымсызь өнегелік эталонына бейім болады. өздерінің шынайы іс-әрекеттерінде олар өзін әлеуметтік жағөздерінің шынайы іс-әрекеттерінде олар өзін әлеуметтік жағдайларға сәйкес ұстайды, бірақ сонымен қатар жағымсыз мінез-құлық формасы тән адамдармен (немесе кейіпкерлермен) идентификацияланады.
Балалар көркем шығармаларды әсер қалдырған образбен жиі эмоцианалды идентификацияланады.

Баланың қандайда бір кейіпкеге баға беруі қоршаған адамдармен қарым-қатынасы жанамаланады. Жақын ересек адамдармен қарым-қатынас процесінде алғашқы адамгершілік эталондарын меңгерумен жүреді. Алғашқыда балалар белгілі бір ережелерді орындауда қоғамдық мәнін түсінгендіктен парасатты іс-әрекет жасамайды, онда адамдардың талаптарын орындау немесе көзқарасымен санасу қажеттігі туғанда парасатты іс-әрекет жасайды. Егер баланы айналадағы адамдар жағымды эталондарға сай, жақсы деп есептесе, онда балаға оның өзінің жағымды образын көрсетеді.

Бала метепке дейінгі кезеңде өз мінез-құлқын қаншалықты санаса да, оның бағасы негізінде ерте балалық шақта туындайтын өзіне деген жағымды эмоционалдық қарым-қатынас жатады.Бала тобында абыройға ие құрдастар бала үшін мінез-құлық бағыттаушысы болады. Моральдық эталондарды бала үнемі басқа адамдарға қатысты меңгерілген мінез-құлық нормаларын практикада қолдану қажеттілігімен соқтығысатын топтағы қарым-қатынас процесінде игеріледі. әлеуметтік даму – адам нақты бір ситуацияға сәйкес мінез-құлық формасын таңдауды үйренуден туады.

Балаларға ересектер және құрдастар тарапынан әсер ету іс-әрекет процесінде жүзеге асады. Мысалы, ойын іс-әрекетінде бала өз мінез-құлқын салыстырып бақылайтын мінез-құлық үлгілерінің рөлін орындау барысында эталон болып қалыптасады. Бала ойнының басты мазмұны бала адамзат іс-әрекетімен, өзара қарым-қатынастарының жоғарғы формасының дамыған әлемге өту ойынындағы мінез-құлық формалары болып табылады. Адамзат өзара қарым-қатынасының нормалар ойын арқылы баланың моралінің қалыптасуының қайнар көзі.

Мектепке дейінгі кезеңдегі баланың жағымды адамгершілік эталонын сақтауға тырысу басқа адамдар тарапынан мойындауға талаппен байланысады. Егер әлеуметтік бақылау төмендесе, бала өзі қалаған ситуацияға сәйкес әрект етуге дайын емес болады. «Егер көрінбейтін адамға айналсаң не істейсің » - деп балаға әлеуметтік бақылаудың илюзиясы туындаған ситуацияда қояды.

Эталонға сай адамгершілік әрекеттерін орындауда бала ересектің тарапынан дұрыс, оң бағалауды күтеді. Қоршаған орта тарапынан мақұлдауды күтуде бала өз адамгершілігін арнайы ұйымдастыруы мүмкін.
Қандайда бір әрекетке ересектің бағасына сүйеніп, бала тек моральдың бірінші кезеңінде болады. Мақұлдауға ие болу үшін кез-келген тәсілді қолданса, оның мінез-құлқы демонстративтік форма сипатында болады. Бала өз «мейірімді қасиетін» әдейі ұйымдастырады.

**Мотивтер.** Мектепке дейінгі балалық шақта мінез-құлық мотивінің өзгеруінен тек оладың мазмұны ауыспайды, жаңа матив түрлері пайда болады. әртүрлі матив түрлерінен матасу, иерархия қалыптасады: біреулері бала үшін басқаларға қарағанда үлкен маңызға ие болады.
Кіші мектепке дейінгі кезеңдегі баланың мінез-құлқының негізгі сызығы болмайды. Бала қазір ғана өз құрдастарымен сыйлықтарды бөліседі және сол сәтте қолынан ойыншықтарды қайта алып қоюы мүмкін. Басқа бала қызығушылықпен анасына бөлме жинауға көмектеседі, ал бес минуттан кейін ойыншықтарын шаша бастайды. Себебі әртүрлі мотивтер бір-бірімен ситуация өзгеруіне байланысты мінез-құлыққа қандайда бір мотив жетекшілік етеді.

Мотивтердің матасуы мектепке дейінгі кезеңдегі бала тұлғасының дамуында маңызды рөлге ие. Туындаушы мотив иерархиясы баланың мінез-құлқына белгілі бір бағыт береді. Оның даму көлеміне байланысты баланың тек жеке әрекеттерін емес, тұтастай мінез-құлқын бағалау мүмкіндігі пайда болады. Егер қоғамды мінез-құлық мотивтері, адамгершілік нормаларын сақтау маңызды болса, бала көп жағдайда қарама-қарсы қозуларға берілмей, солардың ықпалымен әрекет жасайды. Керісінше рхат сезімін жеке қабылдауға тырысу бала мінез-құлқының бұзылуына алып келеді. Мотивтердің матасуының пайда болуы бала барлық жағдайда бір әлеуметтік маңызы бар мотивтерді жетекшілікке алады деген сөз емес. Мұндай жағдай ересектерде кездеспейді. Кез-келген адамның мінез-құлқында көптеген әртүрлі мотивтерді кездестіруге болады. Алайда осы матасу әртүрлі мотивтердің теңдігін жоғалтып, бір жүйеге орналасуына алып келеді.

**Тұлғаның психологиялық уақыты** – уақыт барысында өзінің физикалық және рухани өзгерістеріне индивидуалдық уайымдау. Балалық шақта ғана бала өзінің индивидуалдық өткені, қазіргі және болашағы бар екенін түсінеді. өзінің өткені туралы қызығушылықпен тыңдайды. Егер « оның тарихын » ересек мейіріммен және қызығушылықпен айтса, онда бала оны үлкен ынтамен бірнеше рет қайталап тыңдауға дайын. Осындай ынтамен мектепке дейінгі кезеңдегі бала өзінің болашағынан үміт күтеді. «Мен үлкен болып өскенде ...» - өмір жетістігі үшін баланың өте маңызды позициясы. Ес және қиял образы психологиялық уақыт финоменінің біліміне сәйкес келеді.Мектепке дейінгі кезеңде бала тұлғасының өмірлік жетістігінің қалыптасуы үшін ересектің қатысуы өте маңызды.

Психологиядағы жас периодизациясы мәселесі. Даму психологиясының тарихи пайда болуы.

**Жоспары:**

1.Л.С.Выготскийдің жұмыстарындағы периодизация мәселесі.
2.”Жас дамуының әлеуметтік жағдайы” ұғымдары.
3.Баланың психикалық дамуындағы дағдарыстардың мәнін түсіну. Жетекші іс-әрекет түсінігі.

4.Жетекші іс -әрекет және жастағы негізгі психологиялық жаңа құрылулар. Онтогенездегі жетекші іс - әрекеттердің ауысуы.

Даму мәселесін талдау бихевиоризмнің жалпы бағдарымен байланысты. Бұл бағыт эмпериялық философияда кең тамыр жайған және Американдықтардың адам туралы түсініктеріне сай келеді: қоршаған орта одан не жасаса, сол адам. Америка психологиясында бұл бағыт үйрену түсінігімен байланысты. Бұл концепцияны өңдеуге И.Л. Павлов идеялары әсер етті. Америка психологтары И.Л.Павлов идеяларын қарастыруда іс - әрекет тек қана тірілерге тән сипат деген тұжырым жасады. Негізінен, Америка психологтары И.Л.Павловтың шартты рефлекс принципін ұстанды. Бұл Дж. Уотсонның психологиясында жаңа концепция ойлап табуына түрткі болды. Америка психологиясына осы И.Л. Павловтың асқорыту жүйесі теориясы арқылы ерекше ғылыми эксперимент жүргізу туралы ой келді. П.И. Павлов арқылы жасалған эксперимент 1897 жылы болып, Дж. Уотсон 1913 жылы оны жарыққа шығарды.

Ерте кездегі психологиялық теориялар қатарына «рекапитуляция» концепциясы жатады. Э. Геккель эмбриогенезге байланысты биогенетикалық заңды қалыптастырды: онтогенез – филогенездің қысқа және жылдам қайталануы.Бұл заң бала дамуының онтогенетикалық процесіне көшті. Американ психологы Ст.Холл: «Бала өз дамуында адамдардың болмысына тән дамуды қысқа қайталап шығады»- деп есептеді. Оның ойынша бала түн жарымда қорқыныште шошып оянып, көпке дейін ұйықтай алмайды. Ол бұны атавизммен түсіндіреді. Бұл дегеніміз бала өткен дәуірге тап болады, мысалы адам жалғыз орман ішінде көп қауіп-қатердің ортасында ұйықтап жатып, кенеттен оянып кетеді.Ст. Холлдың ойынша, ойын – бұл балаға ең керекті жаттығу.Бала осы жаттығу арқылы өзінің пайдасыз қылықтарынан толығымен арылады. Бала суретінің дамуы адам тарихындағы бейнелеу өнерінің кезеңдеріне сәйкес келеді деп есептейді.

Ст.Холлдың бұл тұжырымдарына көптеген психологтар сын айтып, қарсы шықты. С.Л.Рубинштейн осыған сәйкес ұқсастықтар негізсіз деп есептеді. Оның пікірінше: «Ересек адам қаншалықты жабайы болса да, толық әрі жетілген индивид ретінде табиғатпен қарым – қатынас жасап, өз өмірі үшін күреседі. Ал, баланың қоршаған ортамен қарым – қатынасы мүлдем өзгеше болады». Дегенмен де бала психологиясын меңгерудегі Ст.Холлдың жұмысы көптің назарын аударды. «Америкада бәрі кеңінен жасағанды ұнатады» - деді Щвейцар психологы Э.Клапаред. Ойлаған максатқа жетіп, көптеген нақты материалдар жинау үшін әр алуан анкета түрінде зерттеу жүргізілді, бірақ бұл жұмыс көбіне күмән тудырып,сенімсіз болды.Мұғалімдер журналдарда берілген сұрақтамаларға жауап беріп үлгере алмады және осы үшін оларды сөкті. Э.Клапаред бойынша: «Ғылым Америкадағы қалалар секілді тез дамымайды».Психологиядағы рекапитуляция концепциясы эмбриологияда бұл концепцияны критикалауға, яғни келіспеушілікке дейін туындады. И.И.Шмальгаузеннің айтуынша, филогенезде эмбриогенездің тұтастай қайта құрылуы жүзеге асады. Ал, Э.Геккелдің критикасы осы эмбриогенез тарихының мәселесін қайта көтерді.

Рекапитуляция концепциясының шектелуіне қарамастан, психологияда биогенетикалық принцип заңдылық іздеумен қызық болды. Д.Б.Эльконин айтпақшы: «бұл дұрыс емес концепция болды, алайда бұл нағыз теоритикалық концепция еді».Егер осы концепция болмағанда басқа да теориялық концепциялар болмаған болар еді. Ст. Холлдың көрсетуіндей, тарихи даму мен жекелеген дамудың арасында әлі күнге дейін қаралмаған байланыс бар. Рекапитуляция теориясы ғылым сахнасында көпке дейін қала алмады. Бірақ Ст. Холлдың идеясы балалар психологиясына А.Гезелл және Л.Термен атты екі атақты шәкіртінің зерттеулері арқылы ықпал етті.

Тұлғаның онтогенездегі психикалық дамуы мен қалыптасуы.

Дәріс Нәрестелік кезең (0-1 жас). Онтогенездегі психикалық дамудың қозғаушы күштері. Нәрестелердің қабылдау мен ес, сөйлеу және ойлау процестерінің дамуы.

**Жоспары:**

1. Психика мен мінез-құлықтың туа берілетін формалары.
2. Нәрестенің рефлекторлы, генетикалық шарттанған қимылдары.
3. Өмірге келгеннен кейінгі негізгі сезім органдарының – көру, есту, сипап сезу, қозғалыс анализаторларының, дәм рецепторларының автоматты түрде қосылуы.
4. Нәрестелердің қабылдау мен ес, сөйлеу және ойлау процестерінің дамуы.

60 жылдары Америка ғылымында бихевиоризмге, әсіресе даму психологиясына жақын жақтарына жасалған шабуылдар әр түрлі бағытта болды. Солардың бірі экспериментальді материалды қалай жинауға болатыны туралы болды.

Еуропа мемлекеттеріндегі зерттеушілер даму процесінің философиялық және онтогенездік дамуына қатты қызығушылық танытты. Олар даму процесінің сапалық ерекшелігінің нәтижесіне көп мән берді.И.П.Павловтың, Э. Торндайктың, В.Келлердің жұмыстарынан кейін Австриялық психолог К. Бюлер дамудың 3 сатысы теориясын ұсынды: интеллект, инстинкт, дрессура. К.Бюлер бұл 3 сатыны олардың пайда болуымен, аффективті процесінің дамуымен, әрекетпен байланысты уайыммен, рахатпен байланыстырады. Мінез – құлық эволюциясында рахаттанудың «соңынан басына қарай» өту кезеңі анықталынған. Оның ойынша І кезең – инстинкттер – инстинктивті қажеттіліктерді қанағаттандыру нәтижесімен сипатталады, яғни әрекетті орындап болған соң пайда болады. Осыдан барып, «функциональді рахат (ляззат)» ұғымы қалыптасты. Сонымен қатар, тапсырманы интеллектуалды шешу кезеңінде қалыптасатын рахаттану түрі де бар. Сондықтан қанағаттың «соңынан басына өтуі» К.Бюлер бойынша мінез-құлықтың дамуының негізгі қозғаушы күші. Ол бұл схеманы онтогенезге жатқызды. К. Бюлер балаларға зоопсихикалық эксперимент жүргізіп, мынадай қорытынды жасады,

яғни балалардағы алғашқы ойлау формасын «шимпанзе тәріздес кезең» деп айтты. Осы зоопсихикалық эксперимент бала психологиясының ғылым болып қалыптасуына жасалған алғашқы қадам болды.

А. Гезелл басқа да ірі психологтар секілді педагогикалық және медициналық білім алды. Содан кейін 30 жыл Иельск психоклиникасында жұмыс істеді. Кейінірек бұл атақты Гезеллдің баланың дамуы институты болып қалыптасты. Ол жақта психиканың онтогенезі қарастырылып, клиникалық және педогогикалық зерттеулер жүргізілді. Бала психологиясына А.Гезелл үлкен үлес қосты. Ол баланың туылғаннан жасөспірімдік кезеңге дейінгі психикалақ дамуын диагностикалайтын практикалық жүйе жасады. Ол бақылаудың объективтілігіне байланысты ең бірінші жартылай өткізетін айна қолданды.Кейіннен бұл атақты «Гезелл айнасы» деп аталды. А. Гезелл психологияға баланың туылғаннан жасөспірім кезеңге дейінгі психикалық дамуын анықтайтын лонгитюдті әдісті ұсынды.Ол көпзиготалы егіздерді зерттеді және алғашқы егіздік әдістерінің бірін жетілу мен үйрену арасындағы байланыс нәтижесін білуге арнады. Өмірінің соңғы жылдарында А. Гезелл соқыр баланың психикалық дамуын зерттеді .Оның мақсаты қалыпты дамудан соқыр бала психикасының дамуының айырмашылығын терең түсінгісі келді. Клиникалық практикада А. Гезелл құрастырған нәрестенің мінез-құлқының Атласы қолданылады. Атлас баланың туылғаннан екі жасқа дейінгі әлеуметтік мінез-құлқын және қозғалыс белсенділігін фиксациялайтын 3200 суреттен тұрады. А. Гезелл баланың дамуының жалпы заңдылығын қалыптастыруда жас ерекшелікке байланысты дамудың темпінің (екпінінің ) төмендеуіне назар аударды. Бұл темптің өзгеруіне не себеп болды? А. Гезелл жұмыстарында бұған жауап табу қиын. А. Гезелл жұмыстарына Л. С. Выготский талдау жасады. Ол А. Гезеллдің концепциясын «эмпирикалық эволюционизм теориясы » деп атады.

Л.Термен 1916 жылы Американ балаларына А.Бине тестерін стандартизациялады.Ол шкаланы кеңейтіп, ақыл – ой қабілеттілігін өлшеуге арналған тесттің жаңа нұсқасын жасады. Сонымен қатар ол интеллектуалды коэффицент түсінігін енгізді. Л. Термен тесттердің көмегімен популяцияға қабілетті қисық нормальді үлестірімді өңдеді және көптеген корреляциялық зерттеулер жүргізе бастады. Л.Термен логитюдті әдістерінің бірін 50 жыл бойы дайындаған.1921 жылы Л.Термен интеллект коэффиценті 140-тан жоғары 1500 баланы іріктеп алып, олардың дамуын зерттеді. Зерттеу Л.Термен өлімінен кейін, 70 жылдардың ортасында бітті. Бұл зерттеу таңқаларлықтай нәтиже бермеді. Л. Терменнің пікірінші: «гениалдылық – мықты денсаулықпен, жұмысқа қабілеттілігінің жоғарылығымен, білім аясындағы жоғары жетістіктермен байланысты».

Л.Термен ақылды балалардың интеллект коэффиценті жоғары деп санады. Ал одан кейінгі психологтар (Дж. Гилфорд, Э.Торренс) интеллект көрсеткіштері мен креативтіліктің арасындағы үлкен айырмашылықты көрсетті. Осы айырмашылықтың негізінде Дж.Гилфорд конвергентті және дивергентті ойлауды қарастырда.
Конвергентті ойлау – бір ғана жауабы бар тапсырманы шешу. Ал дивергентті ойлау – көптеген жауабы тапсырманы шешу болып табылады.

Дж.Гилфорд идеясы негізінде Торренс және оның әріптестері Миннесотстік университетінде шығармашылық ойлауға арналған тесттер жасады және бұл тесттерді бірнеше мыңдаған мектеп оқушыларына жүргізді. Бұл зерттеу нәтижелерінің көрсеткіштері мынадай нәтиже берді: шығармашылық қабілеті жоғары балаларды интеллекті коэффиценті құрдастарына қарағанда төмен болады. Э. Торренс интеллектуалдылыққа арналған тесттер енгізіп, балардың креактивтілік дейгейін бағалағанда 70 % балалар ақылды болып шықты.
Сонымен қатар талантты зерттеудің үлкен бір проектісін жасады.Зерттеу программасы: интеллект пен креактивтілік арасындағы сәйкестікті қарастыру; креактивті балалардың тұлғалық қасиеттерін анықтау; шығармашылық қабілеттерді дамуына әсер ететін факторларды қарастыру; бала мен ата- ана арасындағы қарым – қатынасты анықтау; әлеуметтік және мәдени факторлар.Жасалған жұмыс мынадай нәтиже берді: креактивтілік бірқалыпты жүрмейді. Төрт жылдық интервалда (5,9,13,17 жас); зертеушілер креативтілікті оның әлеуметтік және биологиялық факторлармен байланыстырады.

Термен бойынша ақылды балаларға тән сипаттар: бастаған істі соңына дейін жеткізу, мақсатқа жетушілік, пайдасыз нәрселерден өзін алыс ұстау. Ал Э. Торренстің сипаттамасы бойынша: ақылды балалар әлеуметтік қарым-қатынасқа тез түсетін, достықты жақсы көретіндер, сонымен қатар жалғыздықты ұнататындар.Олар өзіндік сананың және юмор сезімдері бойынша ерекшеленеді. Мұндай балалар тітіркендіргішке реактивті, конформизмге тәуелсіз, стресске тұрақты. Осының бәрі дарынды баланың психологиялық ұйымдасуының суретін бейнелейді. Тіпті Америка ғалымдарының сөздеріне қарағанда, бұл суреттелген картина әлі ашылмаған тұманды мінез-құлық танытады. А.Гезелл мен Л.Терменнің бала психологиясына қосқан үлесі зор. Олар бала психологиясының нормативтік дисциплин ретінде қалануына негіз салды. Бұнда даму барысындағы баланың жетістіктері мен дамуы суреттеліп, соның арқасында әр түрлі психологиялық шкалалар тұрғызылды.
Баланың дамуын зерттеудің нормальді, яғни орта деңгейдегі ыңғайын балаларды зерттеудегі классикалық Американдық бағыт қарастырады. 40- 50 жылдары баланың эмоцианальді реакциялары зерттеле бастады (А.Джерсилд, т.б.).

**Естің дамуы.** Мектепке дейінгі кезеңді есте сақтау мен қайта жаңғырту қабілетінің қарқынды дамитынымен сипатталады. Шын мәнінде, егер бізге ерте балалық шақтан бір оқиғаны еске түсіру қиынға соқса немесе еске түсіру мүмкін болмаса, мектепке дейінгі кезеңде көптеген жарқын естеліктер қалдырады. Әсіресе бұл ересек мектепке дейінгі кезеңге қатысты.

**Еріксіз естің дамуы.** Мектепке дейігі кезеңдегі баланың есі негізінен еріксіз ес болып келеді. Демек , бұл бала әдетте алдына бірдеңені есте сақтап қалу үшін мақсат қоймайды. Есте сақтаумен еске түсіру баланың

ерік – жігеріне тәуелсіз жүреді. Бала іс-әрекетте өз көңілі түскенді әсер еткен, өзіне қызық оқиғаны еске сақтайды.
Сөзді, суретті, заттарды еріксіз есте сақтау сапасы баланың бұл заттармен қаншалықты белсенді әрекет еткеніне байланысты. Балаға суреттерді өз орнына қоюды, мысалы баққа, ас бөлмесі, балалар бөлмесі, ауланы бейнелейтін заттарды бөлек қоюды ұсынғаннан, суреттерді көзбен бір шолып шықса есінде көп нәрсені сақтамайды. Еріксіз есте сақтау баланың қабылдау мен ойлау әрекетінің қосымша нәтежесі жанама болып табылады.Еріксіз есте сақтау мен еріксіз қайта жаңғырту мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ес жұмысының жалғыз формасы . Бала бірдеңені есте сақтау немесе еске түсіру үшін алдына мақсат қоя алмайды.

**Арнайы естің дамуы.** 4-5 жаста есте сақтау мен қайта жаңғыртудың арнайы қалыптаса бастайды. Арнайы есте сақтау мен қайта жаңғыртуға қолайлы шарты баланың ойын іс-әрекеті барысында туындайды. Бала сатушы рөлінде белгілі бір заттарды сатып алу барысында, ересектің тікелей талап етуінен көп сөзді есте қалдырады.
Естің арнайы формасын игеру бірнеше этаптарға бөлінеді. Алдымен бала қажетті тәсілдерді меңгермей жатып, есте сақтау және еске түсіру міндетін бөле бастайды. Сонымен қатар бұрын қабылданған нәрсені еске түсіру мен қайта жаңғыртуды күтетін ситуациялармен бірнеше рет соқтығысып тұрғандықтан міндеті ерте бөлінеді. Есте сақтау міндеті еске түсіру тәжіребесінің нәтежесінде туындайды.
Бала бірте – бірте материалдарды қайталауды, ойлауды үйренеді. Ең соңында бала арнайы есте сақтау әрекетінің қажеттігін түсініп, осы үшін көмекші тәсілдерді қолданады.

**Еріксіз және арнайы есте сақтаудың байланысы.** Ерікті есте сақтауды меңгерудің жетістіктеріне қарамастан мектепке дейінгі кезеңнің соңына дейін еріксіз ес үстем болады. Ерікті еске сақтаумен қайта жаңғыртуды балалар салыстырмалы айрықша ситуацияларда қолданады.
Белсенді ақыл – ой жұмысымен байланысты еріксіз еске сақтау мектепке дейінгі кезеңде арнайы есте сақтауға қарағанда сәтсіз.Мектепке дейінгі кезеңдегі кейбінр балаларда **эйдетикалық ес** деп аталатын көру есі жақсы дамыған. Эйдетикалық естің бейнесі өзінің анықтылығымен қабылдауға жақындайды: бір нәрсені еске түсіру, бала бұрын қабылдағаны. Эйдетикалық ес – жастың құбылысы. Осы қабілетті иеленуші балалар мектеп кезінде жоғалтады.

Еріксіз есте сақтау мектепке дейінгі кезеңде нақты және баянды болуы мүмкін. Егер балалық шақтағы осы оқиғалар эмоционалдық мәнге ие болып, балаға әсер етсе, олар баланың есінде өмір бойы қалады. Мектепке дейін кезеңде сәби мен ерте балалық шақтың амнизиясынан арылу кезеңі болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың танымдық ортасының дамуының ерекшелігі « бала дамуында жаңа функция жүйесі сана орталы ес болады, қалыптасатынын » арнайы айту керек. Мектепке дейінгі кезеңде ес басты рөль атқарады.
Ес психологияда « жалпы естеліктер » деп аталатын көріністерді сақтайды.( Л.С.Выготский). Мектепке дейінгі кезеңде баланың есі орталық орын алып, іс - әрекеттің жетекші функциясы болып қалыптасады.

**Қиялдың дамуы.** Баланың қиялы сананың басты функциясы. Басты функцияның бір сызығы бір заттың екінші затпен, олардың бейнесімен, математикалық, сөздік және басқа бейнелерді пайдаланудың орын басудан логикалық ойлау формасын меңгеруге алып келеді. Басқа сызық шынайы заттарды толықтыру және орын басу мүмкіндіктерінің көрінуіне, жиналған материалдардан жаңа бейнелер көрінісін құруға алып келеді.Баланың қиялы ойын барысында қалыптасады. Бірінші кезеңде ол заттарды қабылдаумен оларды ойын іс- әрекетінде орындаудан ажыратып қарамайды. Бала таяқшамен атпен шабады – осы сәтте ол шабандоз, ал таяқша – ат. Бірақ ол таяқша болмаса атты көз алдына елестете алмайды.Үлкен балаларда қиял орын басатын заттарға ұқсамаитын заттарға сүйенеді.Бірте-бірте сыртқы сүйеніш қажеттігі жайылады. Шын мәнінде жоқ затпен ойын іс-әрекетіне кірісу – интериоризация жүреді. Бұл қиял ерекше психикалық процестің тууы секілді.Басқа жағынан қарағанда ойын көрінетін іс-әрекеттерсіз жоспарлы түрде жүреді.Балаларда қиял образы эйдетикалық образға жақын болуы мүмкін болғандықтан өзіндік сипатқа ие. Эйдетикалық образдар әсіресе бос қабылдау болмағанда, түнде жарық сөндірулі болғанда бала санасына қарқынды әсер етеді. Бұл балалар үрейінің себебі болуы мүмкін.
Осы уақытта балада арнайы қиял дами бастайды, ол өз іс-әрекетін жоспарлағанда нәтежесін өзіне бағыттайды. Сонымен бірге бала еріксіз пайда болған образдарды қолдануды үйренеді. Балалар шығарған тарих пен ертегілер жүйелі және шынайы бола бастайды. Сонымен қатар балалар сюжетті логикалық түрде соңына дейін жеткізеді.
Балалардың қиялы ересектердің қиялынан бай деген пікірлер бар. Бұл пікірлер балалар әртүрлі себептерге байланысты қиялдай бергендігіне негізделген.

Бірақ балалар қиялы бай емес, көптеген іс-әрекеттерге қатысты ересек тердің қиялынан төмен. Бала өмірлік тәжіребесі аз болғандықтан ересек адамдардан әлде аз қиялдайды.Сонымен бірге ересектер өмірінен қарағанда, бала өмірі маңызды рөль атқарады. Қиялдың үздіксіз жұмысы – бұл баланың қоршаған ортаны танып, меңгеруге бірден-бір жетекші жол.Қиял мен естің жүйелі дамуының сипаты мектепке дейінгі кезеңде осы танымдық процестің кейбір онтогенез бейнесін береді. Алғашында бала бірдеңені елестетуге немесе еске сақтауға мақсат қоюға тырыспайды.

Қиял және ес образы ойын процесінде, сурет салуды, ертегі және әңгіме тыңдағанда пайда болады.3-4 жаста бала қайта жаңғыртуға ұмтылу, бала әліде бұрын қабылдағандарын ұстай алмайды. Қайта жаңғырған образдар бірінші негізден алшақ болады және баланың есінде көпке дейін сақталмайды. Бірақ баланы тек қана ертегі киіпкері болатын қиял әлеміне жетектеу оңай. Егер ересек адам бір фантастикалық кейіпкердің рөлін алып сомдаса, бала бұған шынайы өмірдегідей қайғырып, қуанады. Ересек адамның көмегі арқылы бала өөзіндік кейіпкерлерді сомдауға үйренеді. Бұл кейіпкерлер аяқталмаған, бала көбіне оның іс-әрекетін соңына дейін апармайды.Баланың санасында болып жатқан образдың туындауын және сыртқы көзқарасымен қабылдауын

бақылау өте қиын: бала өзі образды суреттеуге және оны беруге қиналады: қағазға салып немесе іс-әрекетімен әліде дамымаған күшпен « техникамен » бейнелей алмайтындығын көрсету. Осы құпия әзірше отбасында сақталған. Бірақ тарихи шығармамен әңгімелерді құрастырғанда таныс образдарды пайдалануды, сонымен қатар, бала шығарма жазғанда оның логикалық құрылымына мән бермейді, тек жүре пайда болған әңгіме ассоцияциясына сүйенеді.

Үлкен мектеп жасында баланың қиялын басқаруға болады. Қиял әрекеті қалыптасады: көрнекілік манер формасындағы түпкі ой; зат образымен әрекет; қиялдағы заттың образы. Қиялда қарастырылып отырған суретке , тыңдалынып отырған ертегіге жалғасын тоқтатады. Ол практикалық іс-әрекеттен бөлектеніп, дербестікке ие болады.

Қиял танымдық тапсырмаларды шешуде ойлаумен бірігіп, практикалық іс-әрекеттің алдын алады. Қиял мақсатқа бағытталған іс-әрекет ретінде қиялдағы образ схемасының , құбылыстың оқиғаның көрінісі процесінде дамиды. Бала өз қиялының сипатын анықтап, бақылай бастайды. Осыдан ол қиялдар образдарының қимылына өзі бақылау жүргізеді. Әрине бала қиялы - бала ішкі дүниесінің өзгерісімен байланысты қайғысымен бөлінуге дайын болғанымен, бұл алдымен « өзі үшін » шығармашылық.

Баланың жалпы психикалық дамуында қиялдың белсенді дамуымен үлкен қауіп байланысты. Кейбір балаларда қиялы кез келген тілегіне еш қиындықсыз жететін, ерекше әлемді құрады, шынайылықты «ауыстырады». Бұндай жағдайлар ерекше көңілді талап етеді, аутизми ( шынайылыққа қызығушылықтың жоғалуы ) немесе бала психикасының дамуының бұзылғанын растайды. Бірақ бұл ізсіз жоғалатын уақытша құбылыс

«Ерте балалық шақ (1-3 жас)». Шетелдік периодизация теорияларына сынды талдау (А.Гезелл,С.Холл,К.Бюлер, Ш.Бюлер, А.Валлон, Ж.Пиаже).

**Жоспары:**

1. 1-3 жас аралығындағы бала дамуының жалпы сипаты.
2. Ерте балалық шақтағы заттық іс-әрекеттің мақсаты, оның даму сатылары.
3. Ерте балалық шақтағы заттық іс-әрекеттің қалыптасу механизмі.
4. Сөйлеудің қалыптасуы. Пассивті және активті сөйлеу.

Сәбиліктен кейін адамда жаңа кезең басталады - ерте жастық шақ ( 1 жастан 3 жасқа дейін). Сәбилік баланы есту мен көру қабілеттіліктерімен қаруландырады. Бала денесімен жұмыс істей бастайды, қол қозғалыстарын басқарады. Ерте жаста бала енді әлсіз емес, ол өзінің қимылдары мен үлкендермен қарым-қатынасқа ұмтылуда барынша активтілік көрсетеді. Алғашқы жылында сәбиде адамға тән психикалық әрекеттердің алғашқы формалары қалыптасады. Психикалық дамудың алғашқы тарихы енді шын тарихына орын берді. Келесі екі жыл - ерте жастық шақ кезеңі - балаға жаңа жетістіктер алып келеді.

Алғашқы үш жылда бала ұшыраған сапалы өзгерулер өте маңызды, сол себепті кейбір психологтар (мысалы, Р.Зазза) туылғанынан бастап ересек болуға дейінгі адамның психикалық даму жолының ортасы баланың үш жасы деп белгілейді.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, үш жасар бала үнемі заттар әлеміне кіреді, көптеген тұрмыстық заттарды қолдана алады және заттық әлемге бағалы қатынаста болады. Ол өз-өзіне қызмет ете алады, қоршаған адамдармен өзара қатынасқа түсе алады. Ол тіл арқылы үлкендермен және басқалармен қарым-қатынасқа түседі, мінез-құлықтың қарапайым формаларын ережелерін орындайды.

Үлкендермен қарым-қатынаста балада айқын еліктеу байқалады және бұл идентификацияның қарапайым формасы болып табылады. Баланың үлкенмен және үлкеннің баламен идентификациялы қарым-қатынасында сәбиді басқа адамға деген эмоционалды қатынасқа дайындайды. Баладағы идентификация фонында адамдарға деген сенім сезімі пайда болады (базалық сенім сезімі, Э.Эриксон), сонымен қатар материалды, психологиялық және рухани мәдениетті иеленуге дайындалады.

Бала психикасының дамуын анықтайтын ерте жастық шақтың негізгі жетістіктері болып саналатындар мыналар: денені игеру, тілді меңгеру, заттық іс-әрекеттің дамуы. Осы жетістіктер мынада байқалады: дене активтілігінде, қимыл мен қозғалыстардың үйлесімділігінде, түзу жүруде; арақатынасты және зеңбіректі қимылдардың дамуында, сөйлеудің қарқынды дамуында, орын басу мүмкіндіктерінің дамуында, символикалық әрекеттер мен белгілерді қолдануда; көрнекі-қимылдық, көрнекі-бейнелік және белгілік ойлау дамуында; елес пен ес дамуында; елес пен ерік көзі ретінде өзін сезінуде; өзіндік «Меннің» шығуы және тұлғалық сезімнің пайда болуында.

Жалпы сезімталдылық дамуға деген онтогенетикалық потенциалының тоқтатылмауынан болады, сонымен қатар жағымды эмоциялар қажеттіліктері мен танымды болу қажеттілігінің дамуы мен қалыптасуы жүретін адамдар қатынасының әлеуметтік кеңістігіне баланың психологиялық кіруі.

**Қарым-қатынас ерекшеліктері.**Ерте жаста, әсіресе оның бірінші жартысында, бала әлеуметтік қатынастар әлеміне енді кіре бастайды. Ол мама, папа және әжесімен қарым-қатынас арқылы нормативті мінез-құлықты игереді . Бірақ осы кезеңдегі мінез-құлық мотивтері саналы емес және маңыздылық дәрежесіне байланысты жүйеге реттелмеген. Тек бірте-бірте баланың ішкі дүниесі тұрақтылық пен анықтылыққа ие болады. Бұл дүние үлкендердің әсерінен қалыптасса да, бала бірден өзінен күткен адамдар мен заттарға деген қатынасты игере алмайды.

Үлкендермен қарым-қатынаста формалардың өзгеруі бала дамуының ерте жасында шешуші мәнге ие, бұл әдеттегі заттар әлеміне кірумен және заттық іс-әрекетті игерумен байланысты. Дәл осы заттық іс-әрекетте үлкендермен қарым-қатынас арқылы сөз мәндерін игеру және оларды заттар бейнелері мен қоршаған орта құбылыстарымен байланыстыру негізі құрылады. Басқарудың «саңылау» формалары (қимылдарды көрсету, қозғалыстармен басқару, растауды жест пен мимика арқылы білдіру) баланы затты қолдану ережелері мен әдістеріне үйретуге жеткіліксіз болып бара жатыр. Баланың заттарға, олардың қасиеттері мен әрекеттеріне қызығушылықтарының өсуі үлкендерден үнемі көмек сұрауды тудырады. Бірақ көмек сұрау да, сол көмекті алу да тілдік қарым-қатынасты игерген кезде ғана болады.

Мұнда көбісі үкендердің балалармен қарым-қатынасты қалай ұйымдастырғанына және осы қарым-қатынасқа қандай талаптар қойылуына байланысты. Егер балалармен аз араласып, оларға деген қамқорлықты шектесе, онда олар бірден сөйлеу дамуынан артта қалады. Басқа жағынан, егер үлкендер балалармен қарым-қатынаста олардың бірінші жестінен ақ әрбір тілегін орындаса, бала ұзақ уақыт бойы сөйлеу қабілетінсіз жүре береді. Ал егер үлкендер баланы анық сөйлетсе және мүмкіндігінше өз тілектерін сөзбен жеткізсе ғана оларды орындайды.

**Сөйлеудің дамуы.**Ерте жастық шақта сөйлеудің дамуы екі жолмен жүреді: үлкендердің сөйлеуді түсінуін жетілдіру және баланың өзінде белсенді сөйлеудің қалыптасуы.

Сөздерді көрсетілген заттарға және қимылдарға қатыстыра алу балаға бірден келмейді. Алдымен накты зат пен құбылыс емес, жағдай түсіндіріледі. Бала үлкендермен қарым-қатынаста сөзбен анық қимылдар жасаса, басқа адаммен айтылған дәл осы сөздерге мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Осылай, бір жастағы сәби анасымен қарым-қатынаста басына, мұрнына, көзіне, аяғына және басқа да дене мүшелеріне көрсете алады, бірақ адамдардың дене мүшелерін көрсету сұрауларына ол жауап бермеуі мүмкін. Бала мен ана өте тығыз интимді байланыста болады, мұнда тек сөздер ғана емес, сонымен қатар жесттер, мимика, дауыс ырғағы және қарым-қатынас жағдайы - бәрі бірге әрекетке сигнал болады.

Үлкенмен қарым-қатынаста бала оның сөздеріне дұрыс жауап береді, егер бұл сөздер көп рет анық жесттермен қайталанса. Мысалы, үлкен балаға айтады: «Қолыңды берші» - және соған сәйкес жест істейді. Бала өте тез жауапты әрекетке үйренеді. Сонда ол тек сөздерге ғана жауап бермейді, сонымен қатар толық жағдайға жауап береді.

Кейінірек жағдай мәні өтіледі, бала сөздерді түсіне бастайды, оларды нені айтып жатқанын түсінеді және ол сонымен бірге ере жүретін жесттерге тәуелсіз. Бірақ бұл жерде де сөздер мен көрсетілген заттар және құбылыстар арасындағы байланыс көп уақыт тұрақсыз болады. Бұл үлкеннің балаға берген сөздік нұсқаулар кіретін жағдайларға тәуелді.

Бір жарым жылдан кейін баланың қимылдық бағынулары үлкеннің сөздік нұсқауларына мықты бола бастайды, бірақ егер нұсқау мен орындау арасында уақыт аралығы енгізілсе немесе нұсқау дағдыланған әрекеттермен қарама-қайшы болса бұзылады. Баланың көзіншебалықты аударылған шынының ішіне салады. Содан кейін оған айтады: «балық шынының астында, алып берші балықты!», сонымен қатар баланың қолын 20-30 сек ұстап тұрады. Осы таңдаудан кейін бала басқа заттарға алаңдап, нұсқауды орындауға қиналады.

Басқа жағдайда баланың алдына екі затты қояды - шыны мен қасықты - сосын айтады: «шыныны берші, шыныны берші!» деп. Ол шыныға ұмтылады. Ал егер де осы нұсқауды бірнеше рет қайталап, кейін: «қасықты берші!» десе, онда бала шыныға қолын созуды жалғастырады, үлкеннің сөздік нұсқауларына бағынбай жатқанын өзі байқамайды.

Екі жастық балаға сөз өте ерте тежеушіден гөрі жіберуші мәнге ие болады: балаға сөздік нұсқау бойынша қандай да бір әрекет жасау оңайырақ, бастаған істі тоқтатқаннан гөрі. Мысалы балаға есікті жабуды ұсынса, ол оны көп рет жаба және аша бастайды.

Әрекетті тоқтату - басқаша. Алайда бала ерте жастан-ақ «болмайды!»сөзінің мәнін түсіне бастайды, тыйым үлкендер қарағандай магиялық түрде әсер етеді.

Тек үшінші жылда ғана үлкендердің сөздік нұсқаулары баланың мінез-құлқын әр түрлі шарттарда шын мәнінде тәртіпке сала алады, оның әрекеттерін шақырады және тоқтатады, тікелей, сонымен қатар уақыты өткенде әсер ете алады. Үлкендердің сөйлеуін түсіну осы кезеңде сапалы өзгереді. Бала бөлек сөздерді ғана түсінбей, үлкеннің нұсқауы бойынша заттық әрекеттер де істей алады. Ол үлкендердің әңгімелесулерін қызығушылықпен тыңдайды, олардың не туралы ойлап жатқанын түсінуге тырысады. Бұл кезде балалар белсенді түрде балалық ертегі, әңгімелер, өлеңдер мен мағынасы жағынан күрделілері де туындайды.

Тікелей қарым-қатынас шегінен шығатын ақпаратты тыңдау мен түсіну бала үшін өте маңызды алулар. Ол сөйлеуді іс-әрекеттің танудың негізгі құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Осыны есепке ала отырып, тәрбиелеуші баланың есту мен түсіну қабілеттіліктерінің дамуын бағытты басқаруы керек.

Баланың активті сөйлеуінің дамуы бір жарым жасқа дейін ақырын жүреді. Осы кезеңде ол 30-40 сөзден 100 сөзге дейін меңгереді және оларды сирек болса да қолданады.

Бір жарым жастан кейін бала ынталы бола бастайды. Ол үнемі заттардың атауын сұрап қана қоймай, сол заттарды білдіретін сөздерді деайтуға тырысады. Басында оған сөздік қабілеттіліктер жетіспейді. Бірақ кейін «Бұл не?» сұрағы үлкенге айтылған үнемі шарты бола бастайды. Сөйлеудің даму шапшаңдығы бірден артады. Екінші жылдың аяғына таман бала 300 сөзге дейін қолдана алады, үшінші жылдың аяғында 500-ден 1500 сөзге дейін.

**Үлкен мен баладағы қарым-қатынас идентификациясы.**Сәбилік кезеңнің аяғы мен ерте жастық шақтың басында балада паралингвистикалық белгілік жүйе қалыптасады (мимика, жест және т.б.). осындай

қарым-қатынасқа маңызды қалыптасулар үлкенге еліктеу негізінде жүреді, ол идентификацияның алғашқы формасы болып табылады.
Бала меңгеретін қарапайым белгілік жүйе үлкеннің жауапты реакциясына стимулға айналады, ең алдымен ананың. Бала психологиялық идентификацияға бағытталған тікелей эмоционалды байланыс құралдарын қолданады және сонымен бірге идентификация деңгейін орнатады. Идентификациялық қатынасты орнатуда ана бейсаналы түрде денемен контакт әдістерін қолданады.

Баланың өзінің күйлеріне байланысты анасымен қарым-қатынас пен идентификациясын туғызады - балалық қуаныштан қайғыға дейін. Балаға өзінде терең эмоционалды қызығушылықты сезінген өте маңызды. Әрине, оның сезімдері эгоистті, бірақ олар арқылы адамдар өзара қатынас идентификациясының алғашқы этаптарын меңгереді. Идентификация мүмкіндіктерінің дамуында баланың сөйлеуді меңгеруі өте маңызды.Үлкен жағынан идентификацияға дайындық шарттарында баланың көңіл-күйі жоғарылайтыны анықталды және осымен баланың жалпы белсенділігі байланысты.

**Ерте жастағы қарым-қатынас спецификасы.**Бір жарым жастан үш жасқа дейін баланың сөйлеуді тез меңгеруі үлкендермен қарым-қатынасқа психологиялық қосылуынан болады. Ол үлкендердің әңгімелерін зейінін қойып тыңдайды, оған қатысы жоқ болса да және ойнап жатса да. Бала тыңдаудан алатын қанағаты сөйлесіп жатқан үлкендерге жақындауға итермелейді. Сол уақытта бала үнемі үлкендерге , ең алдымен анасына қаратып сөздік қарым-қатынасын белсенді етеді. Бала үлкенге сұрақтар қояды, олардың жауабын түсінуге тырысады.

Ерте жастағы қарым-қатынас баланың үнемі керек ететін сұрауларынан тұрады және ол үлкеннің ұсыныстарына қарсылықтан білінеді. Бала өз ерігінің көзі өзі екенін ашады және еркін жақындарымен, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынаста қолданып көреді. Осы барлық әлеуметтік белсенділіктің түрлері бала үшін өте терең және маңызды, бірақ ол өзінің көп уақытын заттық әлемді үйренудегі заттық іс-әрекет пен құралды, соған сәйкес әрекеттерді меңгерумен өтетінін ұмытпаған жөн.

Дәл осы ерте жаста бала үлкеннің көңілін аударуды және оны ұстап тұруды меңгереді. Бұл әдістер тұтасымен әлеуметтік жағынан ұтымды, себебі бала үлкендердің реакцияларын жақсы рефлексиялайды, өзінің сәтсіздіктерін бірден түзейді. Бала бауыр басу мен симпатия сезімдерін білдіре алады, сонымен қатар ол қанағаттанбаушылық сезімін білдіре алады және жағымсыз жағдайдан шығу жолын іздейді. Өз жасына сай баланың шыдамды болуы және күте алуына қарамасатан, ол үлкеннен қамқорлықты күтумен өткен күшті сынақтардан өте алмайды. Ол бірден регрессивті реакция беруі мүмкін.

Мектепке дейінгі бала психикасының дамуы

**Жоспары:**

1. Мектепке дейінгі кезеңдегі психикалық дамудың жалпы сипаттамасы.
2. Іс -әрекеттің әртүрлі формаларының және мектепке дейінгілердің ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынас формаларының даму ерекшеліктері.
**3.**Ойын функциясының, генезисінің, құрылымының, шығуының әлеуметтік-тарихи сипаты.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінің психикалық дамуының басты қорытындысы – баланың мектеп оқуына психологиялық түрде дайындығы. Соңында балада мектепке барар сәтте оқушыға тән психологиялық қасиет пайда болады. Бұл қасиеттер өмір жағдайымен іс-әрекетінің әсер ету арқылы мектеп оқуында түбегейлі болып қалыптасады.

Мектепке дейінгі кезең (3-7 жас) ерте балалық шақтың онтегенетикалық дамудың тікелей жалғасы болып табылады. Бұл кезең балалардың жақын ересек адамдармен қарым- қатынас жасау арқылы, сонымен қатар құрдастарымен ойын және шынайы қарым- қатынас жасау арқылы әлумттік кеңістікті меңгереді. Жалпы психологиялық проблемалармен байланысты психологтар баланың психикасымен айналысқан. Олар: Джон Уатсон, В.Штерн, К.Бюлер, К.Кофка, К.Левин, А.Валлон, З.Фрейд, Э.Шпрангер, Ж.Пиаже, В.М. Бехтерев, Д.М.Узнадзе, С.Л. Рубенштейн, Л.С. Выготский, Р.Р. Лурия, А.Н. Лентьев, П.Л. Гальперин және тағы басқалар.
Алайда, сол бір объектіні зерттей отырып – психикалық даму – генетикалық және баланың психикасының екі әр түрлі психикалық ғылымдар болып табылады. Генетикалық психологияның психикалық процестердің пайда болуына және дамуын зерттейді. Генетикалық психологиялық зерттеулерді балаларға және ересектерге жүргізілуі мүмкін. Алайда, генетикалық зерттеу объектісі бала болып табылады.

Генетикалық психологгияның негізгі стартегиясы – психикалық құбылысты жасау, пайда қылу қалыптастыру болып табылады. Л.С. Выготский қалыптастыру жайлы алғаш айтқан. «Біз қолданатын әдіс эксперименталды генетикалық деп аталуы мүмкін. Себебі, ол жасанды түрде психикалық дамудың генетикалық тұрғыда жасап шығарады. Әрбір қатып қалған психологиялық форманы ерітіп, оны қозғалғыш ағынға айналдыру қажет. Анализдей келе, жоғарғы форманы зат есекбінде емес, процесс есебінде алып, заттың оның бөлшектеріне емес, ол прцестен бөлек сәттеріне бару.»

Баланың психикасынан басқа психологиялық саланың айырмашылығы – ол ерекше бірліктермен жұмыс жасайды, олар – жас немесе даму кезеңі болып табылады.Мектепке дейінгі кезеңде бала жаңа принципиалдық жетістікке жетеді. Бала ересектермен және құрдастармен қарым- қатынастың қиын- қыстау кезеңінде басқа адамдардың рефлекциясын меңгереді. Бұл кезеңде ересектермен қарым- қатынас жасау барысында идентификация қабілеті қарқынды дамиды. Кейінгі жастық шақта бала бір мезгілде позитивті және негативті

дараланууды меңгереді. Мектепке дейінгі кезеңде өз дене мүшелерін белсенді түрде басқара алады. Бұл шақта балада дене мүшелерінің құрылымына, соның ішінде жыныс мүшелерінің ерекшеліктеріне қызығушылық пайда болады. Осы кезңде баланың тілі қарқынды түрде дамиды. Осы кезеңде бала жаңа жаңа құбылыстарды меңгеруге үзілді- кесілді қарсы, ол бұрынғы меңгерген білімдерін қайта жаңғыртады.

ҚАрым- қатынастың ерекшеліктері

**Эмоционалдық және тілдік қарым- қатынас**. Мектепке дейінгі кезеңде бала тіл арқылы өзіне маңызды деген уақиғаларды баяндайды., өзінің алған әсерлерімен бөліседі, адамдармен тең дәрежеде қары-қатынас жасауды үйренеді. Тіл- қарым- қатынас құралы. Ата-анасына, жақын туыстарына елітеу арқылы баланың табиғи қарым- қатынас жасау процесі өзгереді.

**Идентификация және даралану механикасының дамуы**. Мектепке дейінгі кезеңде бала «Мен» концепциасын жүзеге асыру үшін, адамдармен қарым- қатынас жасауда идентификацияны және даралануды пайдаланады.

Күнделікті үзбей идентификация мен даралану механизмдерін пайдалану балаларда бейсаналы түрде қарым-қатынас техникасына айналады. Бұл механизмдер негізінен ашық әлеуметтік өзара іс- әрекетке қызмет етеді.

**Баланың құрдастарының тобында эмоционалдық өзін- өзі сезінуі**. Баланың құрдастарымен қарым-қатынасы оның тұлға ретіндегі дамуына қатты әсер етеді. Баланың қаншалықты өзін сабырлы, байсалды ұстауы құрдастарының ортасындағы жағдайға, қарым- қатынас стиліне байланысты. Құрдастарымен қарым- қатынас-әлеуметтік қарым- қатынастың қатаң мектебі. Осы құрдастарымен қарым- қатынас жоғары эмоционалдық күшті талап етеді.

Баланың құрдастарымен өзара іс- әрекеті- бұл тек қоршаған ортаны бірлесіп танудағы мүмкіндік емес, сонымен бірге өзімен қатарлас ұл, қыздармен қарым- қатынас жасау мүмкіндігі. Мектепке дейінгі кезеңдегі балаларда құрдастарымен қарым- қатынас жасауға қажеттілік туады. Мектепалды арнайы тәрбие жағдайларында, яғни бала үнемі басқа балаларымен қатар тәрбиеленетін болса, бала қоғамы пайда болады.

**Қарым- қатынас және баланың мектепке дайындығы.**Бала мектепке дейінгі кезеңнің соңында құрдастарымен және ересектермен өнімді қарым – қатынас орнатуға көмектеседі. Мектепке дейінгі кезеңнің соңғы кезеңінде балада жауапты қарым – қатынас негізі қалыптасады. Алты жеті жаста бала жауапкершіліктің өнегелі мәселелерінтүсінуге қабілетті ойында және қарапайым өмірде таныстармен құрдастармен қарым – қатынавста жауапкершілік іс - әркетте тәжіребе жинақтайды.

Алты – жеті жастағы бала жақсы таныс құрдастарымен қарым – қатынаста дұрыс қарым – қатына тәсілін таңдайды, өзіндік позициясын жауапкершілік сезінеді.

Бала ересектің бақылауына және дұрыс бағалауына мұқтаж.Дамудың бірінші этапы баланың моральдық мінез - құлқының дамуы. Ересек адам баламен сенімді, жағымды тонда оның өзін дұрыс ұстай алатынын айту керек.

Ересектермен және құрдастармен қарым – қатынасқа түскенде бала мінез – құлқының әлеуметтік эталонын меңгеруге мүмкіндік алады.Бала өмірдегі белгілі бір ситуацияларда өзінің мінез – құлқының моральдық нормаларымен талапқа бағыну қажеттілігі туады . Сондықтан баланың өнегелік дамуындағы маңызды сәттер - қарым – қатынас нормасын, олардың құндылығын түсіну білімі болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде бала адамдардың ересектермен және балалармен қарым – қатынастағы мінез – құлық жүйелерінің әлеуметтік кеңістікті меңгеруде үлкен жолдан өтеді.

Ақыл - ойдың дамуы

**Тілді және саналы сөйлеуді практикалық меңгеру.** Мектепке дейінгі балалар өз бетінше әрекет етіп , отбасы шеңберінен алшақтап, құрдастарымен , басқа адамдармен қарым – қатынас жасап қарым – қатынас шеңбері ұлғаяды. Шеңбердің ұлғаюы баладан қарым- қатынас жасаудың барлық тәсілдерін меңгеруді талап етеді. Олардың маңыздысы–сөйлеу.

Сөйлеудің дамуы бірнеше бағытта жүреді: сөйлеу басқа адамдармен қарым – қатынас жасаудың негізгі құралы; сонымен қатар сөйлеу – ойлаудың құралы , психикалық процестің маңызды бөлшегі бала тәрбиесінің белгілі жағдайларда, бала сөйлеудің мағынасын, құрылымын түсінеді.

**Сөздіктің және сөздің грамматикалық құрлымының дамуы.** Мектепке дейінгі кезеңде сөздік қор дамуы жалғасады. Ерте балалық шақпен салыстырғанда мектепк дейінгі кезеңдегі баланың сөз қоры 2 -3 есеге ұлғайған. Сөздік қордың дамуы өмір жағдайларымен тәрбиеге тікелей байланысты индивидуалдық ерекшеліктері айқын көрінеді.

Мектепке дейінгі баланың сөздік қоры тек зат есім емес, етістік, есімдік, сан есім және біріктіруші сөздер арқылы дамиды. Мектепке дейінгі кезеңде бала ана - тілінің морфологиялық, септелу мен жіктелудің бір қырларын меңгереді.

Балада тілдің меңгеру өзінің белсенділігімен анықталады. Бұл белсенділік сөз құрауда немесе сөздіктің жаңаруында байқалады. Мектепке барар алдында бала тілдің синтаксистік және морфологиялық заңдарының біраз бөлігін игереді. Тілдің мағынасын және дыбысталуынан хабардар болу үшін практикада қолдану керек.

Мектепке дейінгі кезеңдегі балада сөздің мағынасын арнайы оқыту процесінде пайда болады.

**Тіл функциясының дамуы. Коммуникативті функция** - бұл мектепке дейінгі кезеңде дамитын қарым – қатынас функциясы болып табылады. Ерте кезден бастап бала оның қоғаммен араласу үшін қолдана бастайды. Сол сәтте өзіне жақын адамдармен араласа бастайды. Қарым –қатынастың бұл түрі үлкен адаммен баланың тікелей қатысуымен жүреді. Ситуативтік байланыс әсіресе өзіммен бірге қасында отырған адамға жақын және түсінікті болып келеді. Ал бірақ түсінбеген адамға бұл әрине түсініксіз болып табылады. Ситуативтілік баланың тілімен әр түрлі болып табылады. Айналадағы қоғаммен арласа отырып және айналадағы дүниеге деген

қызығушылықтан балада контекстік байланыс пайда бола бастайды. Контекстік байланыс ситуацияны толықтай бейнелей айлады

**Жоспарланған функция.** Мектепке дейінгі кезең жақындаған сәтте баланың сөзі алдын ала жоспарланған және оның практикалық мінез - құлқына айналады. Осыған сәйкес екінші функциялық сөз қалыптасады. Бұл функцияны орындау баланың ойлау қабілетімен бірге жүреді. Баланың ойлау қабілеті оның балалық шағында практикалық іс - әрекетімен байланысты. өзіне байланысты айтылған және іс -әрекет кезінде пайда болатын байланыс эгоцентрикалық байланыс деп аталады. Мектепке дейінгі кезеңде өзгеріп отырады. Онда практикалық іс- әрекетке дейін ой пайда болыды. Жоғарғы мектеке кезеңге келгенде бұл байланыс өте жиі өте байқалады. Гегер бала осы кезеңде ешқандай адаммен араласпаса, онда ор жұмысты ішінен орындайды. Эгоцентрикалық байланыс ішкі және сыртқы байланыстың аралық түрі болып табылады.

**Экспрессивтік функция** -жоғарғы деңгейдегіжануарларға арналған ең көне гететикалық функция болып табылады. Эмоционалды функцияның барлығы оның барлық жақтарын қамти отырып, экспрессивттік функцияға қызмет атқарады. Экспрессивті функция автономды функциядан бастап, барық функцияға ұқсас болып келеді.

**Сенсорлық даму.** Мектепке дейінгі кезең баланың сенсорлық даму кезеңі болып табылады .Қозғалмалы заттарды тани отырып, бала заттың формасын, түрін түсін, салмағын, температурасын дұрыс ажырата алады. Ол музыканы тыңдай отырып, дыбыстың жоғарылығын, әуенді ажыратуды үгренеді . Сенсорлық даму екі жақты байланысты қарастырады. Сенсорлық эталон адамның тарихи даму кезеңінде пайда болған Табиғатта көптеген әр түрлі түстер мен формалар бар солардың негізінде адам қоғамдық өмірдегі заттарды ажыратуға мүмкіндік алды.

Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуы

**Жоспары:**

1. Сезімдердің қалыптасуы.
2. Баланың жаңа іс-әрекетке қосылуы. (тазалық, оқу мен еңбектің элементтері).
3. Бала дамуындағы ойынның рөлі (Штерн, Адлер, Д.Эльконин) Ойынның басқа іс-әрекеттерден ерекшелігі.
4. Баланың мектепке психологиялық дайындық мәселесі.

Балада алғашқы жылдары сөздің және процестердің дамуы жүреді. Дәл осы кезеңде балада тілдің құбылыстары, өзіндік ортақ лингвистикалық мүмкіндіктер пайда бола бастайды, бала шындықтағы бейне жүйесіне ене бастайды. Балалық шақта тілдің дамуы екі негізгі бағыта жүреді: біріншіден, интенсивті түрде сөздік қор жинақталады және қоршаған ортада адамдар пайдаланатын, сөйлейтін тілдің морфологиялық жүйесі меңгеріледі; екіншіден, тіл танымдық процестердің құрылымын қамтамасыз етеді (зейін, қабылдау, ес, елес, ой).

**Ауызша және жазбаша тіл.** Осыған сай сөздік пен грамматикалық тілдің құрылымының дамуы және танымдық процестер өмір жағдайы мен тәрбиеге тәуелді болады. Бұл жерде индивидуалдық вариациялар өте жоғары, әсіресе ол тілдің дамуында өте жоғары болып келеді. Енді баланың тілдік пен танымдық процестеріндегі анализге тоқталайық.

**Ойлаудың дамуы.** Психикалық денсаулығы жақсы баланың танымдық белсенділігі болады. Баланың әр нәрсеге қызығушылығы оның айналадағы заттарды білуге негізделеді.

Қарым-қатынаста белсенді болған сайын, бала сұрақтарды да көп қоя бастайды. Бала барлық затқа қызығушылық тудыруы мүмкін: мұхит қандай тереңдікте болуы мүмкін және ондағы жануарлар қалай тыныс алады? қанша мың шақырымда жер шары орналасқан? неге таудағы қар ерімейді және төменгі жағы еріп кеткен? Бала білімге құмар, ал білімді игеру көптеген «неге?», «қалай?», «не себептен?» деген сияқты сұрақтар арқылы жүзеге асады. Ол сұраққа нақты жауап табуы қажет. Қандай да бір тапсырмалар туындағанда бала оны өзі шеше алады. Бейнелі түрде ойлау – бастауыш мектеп кезеңіндегі ойлаудың ең негізгі түрі болып табылады, әрине, бала логикалық түрде ойлай алады.

Бастауыш мектепте баланың ойлау қабілеті эгоцетризммен ерекшеленеді.

Ж. Пиаже көрсеткендей, баланың ойлау қабілеті алты-жеті жасында орталықпен немесе айналадағы заттардың қабылдауымен жүреді. Мысаы, балаға ұзындықтары әр түрлі үш таудың суретін көрсетіп, оған өзіне жақын ,таныс таудың суретін тап деп айтса, ол бұл тапсырманы өте оңай шешеді. Ж. Пиаженің шешіміне сәйкес, балалық шақтың ойлау қабілетінің құрылымы бұл – «орталық» болып табылады.

**Зейін, ес, қиялдың дамуы.** Оқу іс-әрекеті жоғары психикалық функциясының – зейін, ес, қиялдың дамуын талап етеді. Зейін, ес, қиял бастауыш сынып оқушысында дербестікке ие болады – бала оқу іс-әрекетінде көңіл бөлуге, көрген немесе естігенді есте сақтауға бұрын қабылаған нәрсені көз алдына елестетуге, арнайы іс-әрекеттерді меңгеруге үйретеді. Егер мектепке дейінгі кезеңде ойын іс-әрекеті еркін дамудың сандық өзгерістерге мүмкіндік туғызса, бастауыш мектеп жасында оқу іс-әрекеті баладан арнайы әрекеттерді меңгеруді талап етеді. Бірақ алты-жеті, он-он бір жастағы балада танымдық процестер бала қатты ағынмен жағдайда немесе өзіндік қозумен арнайы ұйымдастырғанда туындайды. Әдеттегі жағдайда балаға жоғары адамзаттық психикасы көлемінде өзінің психикалық функциясын ұйымдастыру қиынға соғады.

**Зейінің дамуы.** Баланың танымдық белсенділігі, қоршаған ортаны тексеруге, оның зейінін қызығушылығы басылғанша зерттелетін объектіге бағытталып ұйымдастырылады. Алты-жеті жастағы бала еш алаңдамай екі-үш сағат ойнай алады. Тура осылай өнімді іс-әрекетпен де (сурет салу, әр түрлі заттарды жасау)

ұзақ уақыт айналыса алады. Бірақ зейінді жұмылдырудың мұндай нәтижелері – баланың айналысатын ісіне қызығушылық. Егер бала өзіне ұнамайтын іспен айналысса, тез шаршайды, өзін бақытсыз сезінеді.
Ересек бааның зейінін ауызша нұсқалардың көмегімен ұйымдастыра алады. Оларға орындалуы тиіс іс-әрекетті есіне салып, іс-әрекет тәсілдерін көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушысы белгілі дәрежеде өз іс-әрекетін жоспарлай алады. Жоспарлау балалардың зейінін ұйымдастырады.

Бастауыш сынып балалары өз мінез-құлқын жүйелей алады. Балаларға бірдей және тартымды емес іс-әрекетке немесе қызықты іс-әрекетке бағытталу қиынға соғады.
Бастауыш сынып жасындағы балалар зейінін интеллектулдық тапсырмаларға бағыттай алады, бірақ бұл өте үлкен күш-жігер мен мотивацияның жоғары ұйымдастырылуын талап етеді.

**Естің дамуы**. Мектепке дейінгі кезең – естің интенсивті дамуының кезеңі. Осы кезеңде ес Осы кезеңде ес – психикалық фунцияның жетекші танымдық процесі. Шын мәнінде мектепке дейінгі кезеңде бала ана тілін жақсы меңгереді. Бала маңызды деген оқиғаларды есте сақтайды. Мектепке дейінгі балалық шақ адамға бүкіл өміріне жетерліктей естеліктер қалдырады.
Есте сақтау сәтті ойынның басты шарты болып қалыптасқанда немесе бала әрекетін жүзеге асыу мәнін иеленгенде, ол өлеңдерді т.б. жақсы есте сақтайды. Бала есте сақтау тәсілдерін санлы түрде пайдалана алады. Ол есте сақтау керек затты қайталап, түсінуге тырысады.

Мектепте балаа өз еркімен сақтау керек қажеттілігі талабы тұрады. Оқу іс-әрекеті баладан есте сақтауды міндетті түрде талап етеді. Мұғалім балаға қандай жолмен есте сақтауға болатыны туралы нұсқау береді. Балалармен бірге ол материалдың көлемі мен мазмұнын талқылайды, оны бөлімдерге бөліп, есте сақтау процесін бақылауға үйретеді. Түсіну есте сақтаудың басты шарты – мұғалім бала зейінін түсіну қажеттілігіне бағыттайды, есте сақтау керектігін балаға түсінуді үйретеді, есте сақтау стратегиясының мотивациясын: білімді, дағдыларды игеруге үйретеді.
Бала оқу іс-әрекетінде мағыналы еске арқа сүйей алады. Есте қалдыру мен оқу материалын қайта жаңғырту балаға психикалық өзгерістерін рефлексиялауға болады.

**Қиялдың дамуы**. Бастауыш мектеп жасында бала өз қиялында әр түрлі ситуацияларды құрастыра алады. Бір затпен екінші заттың орын басуының қалыптасуы, қабылдау іс-әрекетінің басқа түрлеріне ауысады.
Оқу іс-әрекеті жағдайында балаға мағыналы іс-әрекетерді қабылдауға мүмкіндік беретін арнайы талаптар қояды. Мұғалім сабақ үстінде әр түрлі ситуацияларды елестетуді ұсынады. Бұл оқу талаптары қиялдың дамуына мүмкіндік туғызады, бірақ олар арнайы құралдармен қуаттануды талап етеді. Бұл шынайы құралдар, схемалар, макеттер, белгілер, графикалық бейнелер т.б. заттар болуы мүмкін.

Алты-жеті жастағы балалар сұйықтың бағанасы және сақталу саны туралы дұрыс болжам жасады. Бірақ бала сұйықтың өзгеру деңгейін дұрыс болжап, одан кейін сұйықтың сақталу санын жоққа шығаратын өтпелі кезең болып табылады.
Мұндай зерттеулерден Ж. Пиаже мынадай қорытынды жасады: алдымен қиял статикалық түрде ішкі елестету жағдайымен шектеледі; қиялдың дамуына байланысты бала алғыр және жігерлі болады.

Дәріс. Бастауыш мектеп жасындағы баланың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуы

**Жоспары:**

1. Бастауыш мектеп жасындағылардың дамуының жалпы шарты.
2. Оқу іс- әрекеті кіші мектептегілердің жетекші іс-әрекеті ретінде.
3. Оқу іс-әрекетінің жалпы құрылымы, қалыптасу заңдылықтары.
4. Мектептегі алғашқы теориялық ойлаудың қалыптасуы (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов). Ақыл -ой әрекеті мен ұғымдарды сатылап қалыптастыру (П.Я.Гальперин).

Х.Вернер ақыл-ой дамуының жалпы бағыттарына сипаттама бере келе, ол осы процестің функционалдық және құрылымдық өзгерістерінің келесі көрсеткіштерін бөліп көрсетті. Бұл синкретикалықтан дискретикалыққа, диффузиялықтан есеп беруге, ригидалықтан икемділікке, тұрақсыздықтан тұрақтылыққа өту. Синкретикалық, мысалы, Х.Вернер ақыл-ой өмірінің бастапқы қарапайым жүйесінен көреді және сәби кезеңінде эмоционалдық процес аумағында, қабылдау облысында және қиял процесінде, фунционалды дифференцияланбаған субьект-обьект қарым-қатынасында көреді. Х.Вернер бойынша даму немесе ортогенез икемділік және тұрақтылықтың, функционалды дискреттіктің, есеп берудің ішкі жүйедегі сенімді жүйелер арасында өсумен құралады.

Осы айтылған дамудың жалпы бағытының формальді қырлары, Х.Вернер даму деңгейіне салыстырмалы баға беруге тырысады. Мұндай баға 3 факторға байланысты беріледі: даму процесінің көрсеткішіне анықтама; анализдік құбылысты құратын іс-әрекеттер жүйесінің анықтамасы; жеке ақыл-ой операциясының анализі Х.Вернер айтқандай, диапозды ағзаның диапозон қабілетінде көрінетін жеке бақылаулар негізінде қоюға болмайды. Кез келген психологиялық құбылыс ғылыми тұрғыдан қарастырғанда ағза дамуының тұтас перспективалық негізінде классикациялануы керек. Оның орны мүлдем өзгермеген. Егер дамуда жаңа перспектива пайда болса, онда бір ақыл-ой құбылысы әр түрлі деңгейде болады. Бұл баланың оқымаған ересек пен ақылынан айырылған ауру адамның іс-әрекетін қарапайым даму стадиядағы іс-әрекетпен салыстыруға болмайды; ересек адамның (білімді, оқыған адамның) іс-әрекетін даму стадиясының жоғары деңгейіне сәйкес келеді деп айтуға болмайды.

Ақыл-ой дамуының салыстырмалы анализі Х.Вернерге биопсихологиялық эволюцияда ақыл-ой дамудың 3 стадиясын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл – сенсомоторлық, перцептивтік және ақыл-ой дамуы. Мектепке келген кезде баланың сөздік қорының көлемі ұлғаяы, ол басқа адамдармен өзінің өміріне байлынысты болып жатқан жағдайлар жайлы оңай түрде түсінісе алады. Егер үш жастағы қалыпты дамыған бала 500-ге дейін және одан көп сөздерді қолданса, алты жастағы бала 3000-нан 7000-ға дейін сөздерді қолдана алады. Бастауыш мектепте баланың сөздік қоры зат есімнен, етістіктен, есімдіктен, сан есімнен құралады.

Тілдің дамуы баланың тілге деген қарым-қатынасында байланысатын тек лингвистикалық мүмкіндіктер арқылы жүрмейді. Бала сөздің дыбысталуын тыңайды және оған баға береді.
Егер де балаға сөздің кейбір заңдылықтарын түсіндіретін болсақ, онда ол өзінің жаңа жаңалықтарыдағы танымдық тілге белсенділігін аудара бастайды және ойнай отырып анализді өндіреді.

Тілді меңгеру, әдетте, баланың тілге деген қарым-қатынасындағы белсенділігімен анықталады. Бұл белсенділік сөзжасамдарда білінеді және берілген тапсырмаға сай дұрыс сөзді таба білуде де көрінеді.
Төменгі сыныптағы оқушылара туған тілінің жүйесіне байланысты бағдар пайда болады. Тілдің дыбыстық қабыршағы – 6-7 жастағы балаға арналған белсенді, ерекше түрдегі заттық әрекет болып табылады. 6-7 жаста бала тілдің күрделі грамматикалық жүйесін меңгереді, ол сөйлейтін тіл оның туған тіліне айналады.
Егер де бала бала-бақшаға барған болса, ол сөздің анализдік дағдыларын оқуы тиіс. Ол сөздің дыбыстық анализін өндіре алады және оны құрайтын дыбыстарға сәйкес орналастырады, сөздегі дыбыстарды ажыратады.
Бала арнайы оқыту кезінде дыбыстық жүйеге байланысты сөзді айта алады. Сөздің дыбыстық анализі оқу мен жазуға әсер етеді.

Дәріс. Жасөспірімдік кезеңнің сипаттамасы Әрбір жас сатысындағы психикалық даму ерекшеліктері

**Жоспары:**

1.Жасөспірім жасының дағдарысы мәселесін шетел және кеңес психологиясында зерттеу.
2.Жасөспірім жасына өтудің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық алғы шарттары.
3.Жас өспірімдердің физикалық, ақыл-ой, әлеуметтік дамуындағы индивидуалды және жыныстық айырмашылықтар.
4.”Есею сезімі” жасөспірім жасының негізгі психологиялық құрылымы, оның түрлері.

Жасөспірімдер үшін мемлекет алдындағы борышы қоғамдағы өз тұлғасының дамуы деп түсінеді. Жасөспірім сайлаудың элементтерін қоршаған ортаның мәдениеті деп ойлап, ал өзі осы мәдениетке таңдау жасайды. Жасөспірім кезеңі – адам бұл кезде жаңа өмірге қадам бастайды. Өз тұлғасын қалыптастырады. Дәл жасөспірім шақта мынандай периодтарда (12-13 тен 15-16 –ға) дейін жеке тұлғасының дамуы.
Лидерлік – бұл адамның ашық айналық қасиеті. Ол қатты әсер етеді. Мақсатқа жету үшін тынбай еңбек ету, өз дамуының биіктігінде жаңа лидерліктің дамуы. Ол ең алдымен өзіне деген қарым – қатынас. Одан басқаларға әлемге, табиғатқа деген ерекше қарым – қатынастар. Оларды мынандай феномен болады «Біз» және «Мен». Біз деген қасиет, яғни мүмкіндік – басқалармен идентификациялық байланыс. Эмоционалды ситуацияларда және әлеуметтік таңдау кезінде. Бұл қуаныштың нақты қарым – қатынасы. Мен – басқалардан ерекше болу мүмкіндігі. Жалғыз бір бөлмеде қалу сияқты, өзін басқалардан жоғары санау. Мен және біз әлеуметтік қарым – қатынас, әлеуметтік индивидуалдылық болып екіге бөлінеді. Бұлар тұлғаның дамуына оның әрі қарай өсуіне, сонымен қатар жасөспірім оларды түсінуге тырысады. Екі плюс арасында тығыз байланыс пайда болады. Жасөспірім шақта белгілі бір нәтижеге ұмтылады. Жасөспірімдер дайын әлеуметтік лидерлер.
Жасөспірім шақта физикалық процесс, психикалық және әлеуметтік даму позитивті жетістікпен заңдық негативпен немесе спецификалық психологиялық қиыншылықтармен қатар жүреді.Өзін-өзі дамытудағы жасөспірімнің ынтасы өзіне сенбеушіліктен басталады.

Рефлексия басқа жасөспірімнің өзін-өзі тануда жақсы дамып келе жатыр. Ол өзін-өзі тануды жақсы көреді. «Мен кіммін?» - осы жастық негізі сұрағы.

Жасөспірім өзінің мойындауларын және болашақтағы ер баланы, қыз баланы бағалаудағы өзінің бұрынғы өміріндегі және қазіргі уақыттағы тұлғаның қалыптасуына зор көңіл бөледі. Жеке тұлғаның болашақтағы дамуы. Өзін-өзі танудың дамуы ішкі жұмысы қарым-қатынастың «Ішкі позициясын» жауапкершілікпен қаарйды. Тұлғалық сапасы жақсы қаралаған. Жасөспірім ішкі жан дүниесінің дамуы, интенсивтілік тану. Жасөсіпірмдерде физикалық даму өзінің тануында «Мен өзімді басқалар арасында қалай көрсете аламын» деген сұрақ мазалайды.

Ж.Пиаже және оның әріптестері баланың психологиялық дамуын зерттеудегі ең бір жемісті бағыттарын зерттейтін Женевалық генетикалық психология мектебін құрды. Бұл мектептің психологтары ақыл-ойдың дамуын, оның пайда болуын баланың ақыл-ойының дамуына қарай зерттейді. Олар үшін баланың танымдық механизмін түсіну маңызды. Соның мақсатында негізгі әдіс ретінде белгілі Ж.Пиаженің әдісі қолданды. Ол баланың сыртқы тәртібінің ерекшеліктеріне, сөйлеу мазмұнына емес, сыртқы бақылау феномендерінің пайда болуына әсер ететін ақыл-ой процесіне негізделеді. Ж. Пиаже жұмыстары және оның оқушылары баланың ақыл-ой дамуы эгоцентризмнен децентрация арқылы баланың сыртқы әлемге және өзіне обьективті қарауына байланысты.

Баланың психикасының дамуының өзара ерекшелігін Женева мектебінің психологтары баланың өміріндегі заттармен қарым-қатынасына байланыстырады. Баланың сыртқы материалды іс-әректтері (екі жасқа дейін) алғашында кең түрде және бір-біріне байланысты болады. Бастауыш сынып жасында бір-бірімен байланысты іс-әрекеттер жүйесі ақыл-ой операциясына айналады. Ақыл-ойдың даму реті тұрақты қалыптасады,

бірақ оның нәтижесі ішкі және сыртқы факторларға байланысты, соның ішінде баланың өмір сүретін әлеуметтік ортасы мен мәдени ортасының ықпалы да зор. Ж.Пиаже заңына сәйкес, танымдық даму көп жақты, олар баланың ақыл-ой процесі сондай-ақ ғылыми даму арқылы іске асырылады. Ж.Пиаже замандасы және оның тұрақты оппоненті, француз психологы Анри Валлон Ж.Пиаженің жұмысын жоғары бағалады. Ж. Пиаже танымдық қасиеттерді психикалық өмірде сапалық тану ретінде бас тартты. Оның ойынша, ондай элемент ретінде қозғалыс, нақтылық, іс-әрекет болуы керек.

Лекция Жасөспірімдік кезеңдегі темперамент типтері мен нерв жүйесінің ерекшеліктері. (2 сағат).

**Жоспары:**

1. И.П. Павлов пен Гиппократ бойынша темперамент және нерв жүйесінің типтері.
2. Н.И. Красногорский бойынша темперамент сипаттамалары. Меланхолиг, сангвиник, флегматик, холерик типтерінің сипаттамалары.
3. Бала темпераментін іс-әрекеті мен мінез-құлқына қарап анықтау. Жасөспірім кезеңдегі мінездің акцентуациясы.

А.Валлон бала дамуының патопсихологиялық әдістің көмегімен нормаларды, әртүрлі ауытқуларды және дамудың тежелуін бақылауға негізделге заңдылықтарды көрсетті. А.Валлон қалыпты бала патологиялық баладан шығады деп мойындады.

Тұлға даму стадиясының анализі жарты ғасырға созылған жаңа сұрақтарды туғызады: неге бір стадияда жақсы бейнеленген ағза, келесіге өтеді? Қандай жолмен дамушы ағза өз бірегейлігін сақтап, сапалы түрде өзгереді? Осы сұрақтарға теориялық негіздегі жауап Х.Вернердің ортогенетикалық концепциясынан табуға болады. Сөздік анықтамасы бойынша. Онтогенез – тірі ағзалардың эволюциясы қатаң анықталған бағытпен жүреді деп сендіретін, тірі табиғат дамуының теориясы. Ортогенетикалық концепция психологияда психикалық өмір мен оның дамуын қамтиды. Х.Вернер әр түрлі бағыттағы - филогенез, онтогенез, микрогенез. Отногенез, потогенез эволюцияларының салыстырмалы анализін жүзеге асырады. Қай жерде тіршілік болса, ол жерде өсу мен даму жүреді, сондықтан жеке тұдғаның және адам нәсілінің психологиясын, баламен жануардың психологиясы психапотология және психология генетикалық негізге ие деп өрсетті. Х.Вернердің пікірінше, зерттеудің әр түрлі аумағынан алынған фактілер саналы өмір үшін қолданылатын дамудың жалпы заңдылықтарын ашуға болады.

Онтогенездің, патогенездің, микрогенздің салыстырмалы анализі Х.Вернергепсихика дамуы жалпы және формальді задылықтарға бағынады деген қорытындыжасауға мүмкіндік берді. Бірақ та жалпы қырлардан басқа феномендерді субстратпен салыстыра әртүрлі спецификалық айырмашылықтар бар. Оның пікірінше, Ст.Холдың қатесі онто және социогенез стадиялары параллель болса да, олрдан ұқсастықты іздеуі. Х.Вернер салыстырмалы генетикалық психологияның ғылым ретіндегі мүмкіндігін толығымен жоққа шығаратындықтан рекапитуляция сыншыларын дұрыс деп санамады. Х.Вернер көрсеткендей, параллель салыстыратын психикалық құрылымды жалпы формальдық мәнде ұқсастығын ғана айтады. Олардың қатарына мысалы, бала өседі және оның психикалық өмірі өзгеріс үстінде, ал ересек адамдар қарапайым қоғамда толық дамыған. Осыдан басқа бала, бала әлемінен бөлек ересектер әлемінде дамиды. Бірақ осы іргелі айырмашылықтар ұқсас мүмкіндермен генетикалық параллелді жоққа шығармайды.

Тәжірибені ынаталандыру мақсатында барлық ағзлардың функционалды құрылымының минималды деңгейіне сәйкес пайда болатындығын салыстырмалы анализ тұжырымдады. Олардың басқа жағдайда дамуы мүмкін емес. Ағза ортаның қасиеттерін зерттейді және осының әсерінен физиологиялық және психологиялық даму пайда болады. Физиологиялық құрылымдар физиологиялық мүшеге ие болатын ортаның қасиеттеріне ғана ықпал ете алады. Осындай жолмен психологиялық құрылым психикалық жүйеге сәйкес келетін тәжірибе мен ақпаратты ынпалдандырады.Осылай, ағза құрылуы оның өзара әрекеттестігімен оның тәжірибе нәтижесін анықтады. Бұл тәжірибе өз кезегінде өзара әрекеттестіктің қайнар көзі болған функционалдық құрылымда анықталады. Осындай кері байланыс бір стадиядан екінші стадияға прогрессивті, сапалы түрде ауысуға әкеледі. Х.Вернер бойынша, дамудың обьективті себебі нақтыланады: өткен стадиядағы ұйым жобаланады, бірақ ол енді болатын стадиядағы ұйымды қамтамасыз етпейді. Ұйым дамудың әр сатысында бір-бірінен ерекшеленетін болса, онда ағзаның ортамен өзара әрекеттестігі өмір барысында өзгереді: егер ағза үшін осы өзара әрекеттестік қолайлы болса, онда ұйым стабильді қалпында қалады.

Х.Вернердің концепциясында даму процесіне, тұрақтылық пен өзгерісті түсінуге «әртіс – сахна » бейнелерін пайдаланады. Орта – бұл сахна немесе ағза дамуымен іс-әрекеті үшін обьект, ал ағза – бұл әртіс немесе осы сахнадағы субьект. Демек, ағза ортаға әсер етеп қана қоймай, ол - өз сахнасының операторы. Прогрессивті немесе регресивті эволюция процесінде туындайтын «әртіс - сахна» байланысындағы немесе «субьект - обьект» өзара қарым – қатынасында даму анализі өзгерістердің зерттеу заңдылықтарын талап етеді.

Х. Вернер және оның Американдық ізбасары Б.Каплан дамуда «сахна - әртіс» өзара әрекеттестігінде өзгеріс пайда болады. «Сахна» қарапайым даму стадиясында немесе психологиялық ортада, - бірінші инициатор өзара әрекеттестік. Ағзаның функционалдық құрылымы оның мінез-құлқының формасын анықтаса да бәрібі сыртқы ынталандыруға салыстырмалы пассивтік реакция. Дамудың жоғарғы стадиясында ағза өзара әрекеттестіктің бірінші иницаторы болып табылады. Бұл мағынада « әртістің» мінез-құлқы ортаға спентанды белсенді ықпал етеді. Ағза өз әрекеттерінің мінезін анықтағанда және таңдау жасағанда дербестікке ие және ол өз қажеттіліктері мен мақсаттарын қанағаттандыру үшін өз-өзін қамтамасыз етеді.

Онтогенезде көрсетілген «әртіс» және «сахна» ортасындағы қарым-қатынаста генетикалық өзгеріс нышаны,- жай қабылдаудан оқиғаны критикалық бағалауға өту. Эгоцентрлік өзара байланыс өте ауқымды, ағза өзімен орта арасынан айырмашылықты көрсетпейді. Баланың түсті ішкі құбылыс ретінде қабылдауы мысал бола алады. Түсте және өңде көрген құбылыстардың арасында айырмашылықтардың болмауы психозда, қарапайым қозғалуда, деперсонализм жағдайында көрініс табады.

Дамуда қарапайым өзара әрекеттестіктің дифференциясы әртістің сахнамен интеграциясымен қолдау табады. Субьект пен обьектің арасында

